

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚР НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**НОРМАТИВНО–ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РК**

## **БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН ЖОБАЛАУ**

---

## **ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ ВОЗДЕЙСТВИЯ ПОЖАРА**

**ҚР НТҚ 03-01-2.1-2012**  
(ҚР ҚН EN 1993-1-2:2005/2011 әзірленген)  
**НТП РК 03-01-2.1-2012**  
(к СН РК EN 1993-1-2:2005/2011)

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно–коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «Астана Строй-Консалтинг» ЖШС
- 2. ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті
- 3. БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1. РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «Астана Строй-Консалтинг»
- 2. ПРЕДСТАВЛЕН:** Комитетом по делам строительства, жилищно – коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3. УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	<b>VI</b>
<b>1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ</b> .....	<b>1</b>
<b>2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	<b>3</b>
<b>3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР</b> .....	<b>4</b>
<b>4 НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР МЕН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ</b> .....	<b>10</b>
4.1 Конструктивті өртке қарсы құрылыс жобалауға кіріспе.....	10
4.2 Есептеу бойынша жалпы ережелер .....	12
4.3 1993-1-2 ҚР ҚН EN бойынша болат конструкцияларды жобалау .....	14
4.4 Сынақты ескере отырып жобалау.....	15
<b>5 ЕСЕСПТІК ӨРТТЕР</b> .....	<b>16</b>
5.1 Жалпы ережелер.....	16
5.2 Ортаның температурасын есептеп шығаруға арналған жалпы ережелері .....	17
5.3 Номиналды температуралық режимдер.....	17
5.3.1 Жалпы ережелер.....	17
5.3.2 Стандартты температуралық режим .....	17
5.3.3 Сыртқы өрттің температуралық режимі .....	18
5.3.4 Көмірсулардың жану режимі.....	18
5.4 Өрттің эквивалентті ұзақтығы .....	19
МЫСАЛ 1 Өрттің эквивалентті ұзақтығын есептеп шығару.....	20
5.5 Параметрлік температуралық режимдер .....	21
МЫСАЛ 2 Параметрлік есептеу шығару.....	23
5.6 Ортаның сыртқы температурасы .....	25
5.7 Өрттің жалпы моделдері.....	25
<b>6 ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ТЕРМПАТУРАЛАРЫ</b> .....	<b>27</b>
6.1 Жалпы ережелер.....	27
6.2 Болат конструкцияның қима коэффициенттері .....	27
6.3 Қорғалмаған болат бұйымдар .....	27
6.4 Өртке қарсы қорғаныспен оңашаланған болат конструкциялар .....	29
<b>7 СТАТИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР</b> .....	<b>31</b>
7.1 Жалпы ережелер.....	31
7.2 Жүктемелердің сенімділік коэффициенттері .....	31
7.3 Жүктемелердің есептік мәндері.....	33
7.3.1 Жалпы ережелер .....	33
7.3.2 Жүктеме.....	33

7.3.3 Қалыпты температура кезіндегі есептік жүктемелер .....	33
7.3.4 Өрт кезіндегі шекті жағдайдың есептік жүктемелері .....	33
7.3.5 Әсер етудің есептік мәндері – салмақ көтере алу қабілеттілігі бойынша бірінші шектік жағдайға арналған құрылыстық өртке қарсы жобалауға байланысты жағдай .....	33
7.4 Жүктеме дәрежесін, оның интенсивтілігін және қолдану коэффициентін анықтау ....	34
7.4.1 Жүктеме дәрежесі (n).....	34
7.4.2 Қолдану коэффициенті ( $\mu_{fi}$ ) .....	34
<b>8 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖЫЛУ ЖӘНЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ .....</b>	<b>36</b>
8.1 Жалпы ережелер.....	36
8.2 Болат .....	36
8.2.1 Жалпы ережелер .....	36
8.2.2 Ыстықтегістелген көміртекті болат .....	36
8.2.3 Тот баспайтын болат.....	43
8.2.4 Жұқа қабырғалы болат .....	48
8.3 Бұрандамалар мен пісірілген тігістер .....	50
<b>9 СОЗЫЛҒАН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ .....</b>	<b>52</b>
9.1 Жалпы ережелер.....	52
9.2 Есептік салмақ көтере алу қабілеттілік әдісі.....	53
9.2.1 Жалпы ережелер.....	53
9.2.2 Температураның біркелкі емес таралуы.....	53
МЫСАЛ 3 Тегіс полкалы бұрыштың созылуындағы салмақ көтеру қабілеттігі .....	54
9.2.3 Температураның біркелкі таралуы .....	55
9.3 Критикалық температура әдісі.....	56
МЫСАЛ 4 Критикалық температураны есептептеу .....	57
<b>10 СЫҒЫЛҒАН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ .....</b>	<b>58</b>
10.1 Жалпы ережелер.....	58
10.2 Өрт кезіндегі колоннаның есептік ұзындығы .....	58
10.3 Осьтік бағытта салмақ салынған болат колонналар .....	59
10.3.1 Жалпы ережелер.....	59
10.3.2 1, 2 немесе 3 класты көлденең қимасы бар біркелкі қыздырылатын колонна.....	60
МЫСАЛ 5 Болат колоннаның шекті температурасын есептептеу .....	61
10.3.3 4 класты көлденең кесіндісі бар біркелкі қыздырылатын колонна .....	62
10.3.4 Осьтік жүктеме және бұғу моменті әсерінің астындағы біркелкі қыздырылатын колонна.....	62
10.3.5 Біркелкі емес қыздырылатын болат колонналар .....	63

<b>11 БҮГІЛЕТІН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ .....</b>	<b>64</b>
11.1 Жалпы ережелер .....	64
11.2 Болат арқалықтар .....	64
11.2.1 Жалпы ережелер .....	64
11.2.2 Бүгілетін момент бойынша салмақ көтеру қабілеттілігі .....	64
МЫСАЛ 6 Момент бойынша салмақ көтеру қабілеттілігін есептеу .....	65
МЫСАЛ 7 Критикалық температура әдісі .....	67
11.2.3 Жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігі .....	67
МЫСАЛ 8 Жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігін есептеу .....	68
11.2.4 Бүгілу-айналдыруда тұрақтылықты жоғалту .....	68
11.2.5 Деформацияны ескеру .....	69
11.3 Үш жағынан өрттің әсері астындағы және төртінші жағында бетон плитасы бар болат арқалық .....	70
<b>12 КОНСТРУКЦИЯНЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ .....</b>	<b>71</b>
12.1 Жалпы ережелер .....	71
12.2 Жабынның жұқа арқалықтары .....	71
12.3 Тіреу бұрыштары бар арқалықтар .....	71
12.4 Толтырылған колонналар .....	75
<b>13 ҚОСЫЛЫСТАР .....</b>	<b>76</b>
13.1 Жалпы ережелер .....	76
13.2 Болат және болаттемірбетон қосылыстар .....	76
МЫСАЛ 9 Арқалықты колоннамен жалғастыру .....	78
<b>14 ЖАЛПЫ СҰРАҚТАР .....</b>	<b>86</b>
14.1 Кіріспе .....	86
14.2 Сәйкес келетін есептеу әдісін таңдаудағы басшылық .....	86
<b>А ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Болуы мүмкін өрттің әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалау кезінде қолданылатын қосымша терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартылған сөздер .....</b>	<b>87</b>
<b>Б ҚОСЫМШАСЫ (ақпараттық) Отандық болат маркаларының аналогтары .....</b>	<b>95</b>

## КІРІСПЕ

Осы нормативті-техникалық құралды «Астана Құрылыс-Консалтинг» ЖШС-і «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» Акционерлік қоғамымен («ҚазҚСҒЗИ» АҚ) жасаған келісімшарт бойынша дайындаған.

Осы нормативтік-техникалық құрал «Болат конструкцияларды жобалау - 1-12 Бөлімі: Өрттің әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалау» 1993-1-2 ҚР ҚН ЕН ережесін дамыту үшін құрастырылған, жалпы және арнаулы тағайындаулы болат конструкциялардың отқа төзімділігін анықтауға арналған.

Осы нормативтік-техникалық құрал Еурокод 3-ке ұқсас, Қазақстан Республикасының 1993 ҚР ҚН ЕН құрылыс нормаларына жасалған нормативтік-техникалық құралдар тобының бөлігі болып табылады.

1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдар тобы – бұл келесілер көрсетілген нормативтік-техникалық құжаттар тізімі: 1993 ҚР ҚН ЕН Жобалау принциптері мен Ережелеріне сәйкес болат конструкцияларды есептеу және құрастыруға арналған ұсыныстар; нормативтік сілтемелі ақпараттың түсіндірмесі; есептеудің сандық мысалдары; қосымша анықтамалық ақпарат.

1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдардағы ережелерде болат конструкциялардың салмақ көтеру қабілеттілігі, эксплуатациондық жарамдылығы, ұзаққұмырлығы және отқа төзімділігі бойынша ғана талаптарды қамтиды. Басқа талаптар 1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдарда көрсетілмеген.

1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдарды келесі нормативтік-техникалық құжаттармен бірге қолданған жөн:

- 1990 ҚР ҚН ЕН НТҚ;
- 1991 ҚР ҚН ЕН НТҚ;
- 1992 ҚР ҚН ЕН – 1999 ҚР ҚН ЕН НТҚ, болат конструкциялар немесе олардың элементтерін есептеуге байланысты бөлімдерін;
- EN, ETAG, ETA стандарттары және болат конструкцияларға қатысты құрылыс бұйымдарына сәйкес басқа стандарттар.

1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдарды дайындау кезінде негіз болған құжаттар 1993 ҚР ҚН ЕН-ң «Болат конструкцияларды жобалау» 20 бөлімі, сонымен қатар 1990 ҚР ҚН ЕН, 1991 ҚР ҚН ЕН және EN 1090 болып табылады.

1993 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдардың тобы келесі 19 құралдан тұрады:

- 1993-1 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (12 құрал);
- 1993-2 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);
- 1993-3 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);
- 1993-4 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (3 құрал);
- 1993-5 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (1 құрал);
- 1993-6 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал (1 құрал).

1993-1 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құралдар топшасы 12 құралдан тұрады:

- 1993-1-1 ҚР ҚН ЕН-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;

- 1993-1-2 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-3 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-4 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-5 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-6 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-7 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-8 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-9 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-10 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-11 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал;
- 1993-1-12 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал.

1993-1 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құралда арнайы болат ғимараттар мен құрылыстарға қатысы бар 1993 ҚР ҚН EN бөлімдеріне таралған болат конструкцияларды жобалау бойынша нұсқаулар келтірілген:

- 1993-2 ҚР ҚН EN;
- 1993-3 ҚР ҚН EN;
- 1993-4 ҚР ҚН EN;
- 1993-5 ҚР ҚН EN;
- 1993-6 ҚР ҚН EN.

Осы СН РК EN 1993-1-2 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құралда келесілер келтірілген:

- 1993-1-2 ҚР ҚН EN-де бар, өрт әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалаудың Принциптері мен Ережелері;
- 1993-1-2 ҚР ҚН EN-де келтірілген жобалаудың Принциптері мен Ережелерін дамытатын жағдайлар;
- 1993-1-2 ҚР ҚН EN –де келтірілген жобалаудың Принциптері мен Ережелерін толықтыратын ұсыныстар;
- жобалау практикасында 1993-1-2 ҚР ҚН EN –нің ережелерін қолданудың мысалын келтірген есептеудің сандық мысалдары.

Осы нормативтік-техникалық құралды жасау кезінде 1993-1-12 ҚР ҚН EN ережелерімен қатар келесілер ескерілген:

- 1993-1-2 ҚР ҚН EN –ге жасалған Ұлттық Қосымшалардағы ережелер;
- 1990 ҚР ҚН EN –нің сәйкес ережелері;
- 1991 ҚР ҚН EN –нің сәйкес ережелері.

Осы нормативтік-техникалық құрал 15 бөлімнен тұрады. Сол бөлімдерді 1993-1-2 ҚР ҚН EN-нің бөлімдері мен тармақтары бойынша түсіндірмелер берілген. Осы құралда 1993 ҚР ҚН EN тармақтарының нөмерлері жақшада көрсетілген:

- Бөлім 1: Қолдану аясы/саласы;
- Бөлім 2: Нормативті сілтемелер;
- Бөлім 3: Терминдер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартылған сөздер;

## **ҚР НТҚ 03-01-2.1-2012**

- Бөлім 4: Жалпы ережелер;
- Бөлім 5: Есептеу әдістері;
- Бөлім 6: Есептік өрттер;
- Бөлім 7: Элементтер температуралары;
- Бөлім 8: Статистикалық жүктемелер;
- Бөлім 9: Материалдардың жылу және механикалық қасиеттері;
- Бөлім 10: Созылған элементтерді есептеу;
- Бөлім 11: Сығылған элементтерді есептеу;
- Бөлім 12: Бүгілетін элементтерді есептеу;
- Бөлім 13: Конструкцияның басқа түрлері;
- Бөлім 14: Қосылыстар;
- Бөлім 15: Жалпы талқыға салу.

Осы нормативтік-техникалық құрал жобалық ұйымдардың инженерлік-техникалық жұмысшыларына, жобалық өнімдерге тапсырыс берушілерге, жоғарғы оқу орындары оқытушылары мен студенттеріне арналған.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ**  
**НОРМАТИВНО - ТЕХНИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**БОЛАТ КОНСТРУКЦИЯЛАРДЫ ӨРТКЕ ТӨЗІМДІЛІГІНІҢ ЕСЕБІМЕН**  
**ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ СТАЛЬНЫХ КОНСТРУКЦИЙ С УЧЕТОМ**  
**ВОЗДЕЙСТВИЯ ПОЖАРА**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы 1993-1-2 ҚР ҚН EN-ге жасалған нормативтік-техникалық құрал болуы мүмкін өрттің әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалау кезіндегі талаптарды анықтайды және 1993-1-1 ҚР ҚН EN мен 1991-1-2 ҚР ҚН EN біріктіре отырып қолдануға тағайындалған. Осы құралда қалыпты температура кезінде эксплуатацияланатын конструкцияларды жобалауға қажет ерекше және қосымша талаптардан ғана тұрады.

1.2 Осы құрал 1993-1-2 ҚР ҚН EN-де келтірілген, болуы мүмкін өрттің әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалаудың Принциптері мен Ережелеріннен тұрады және оларды дамытады.

1.3 Осы құралда өрттің әсері кезінде инженерлік жобалаудың әдісі тапсырыс беруші үшін қосымша құнды талап етпейтіндей, көтеріңкі және жоғарғы жауапкершілікті конструкциялар мен құрылыстарға өрт әсер етеуі кезіндегі жобалық шешімдер келтірілген. Осы НТҚ-ң мақсаттарының бірі, қалыпты шарттардағы жобалаудың негізгі принциптері мен жорамалдарына таныс инженер-құрылысшылар мен инженер-жобалаушылар түсіне және қолдана алатындай етіп 1993-1-2 ҚР ҚН EN-ді сипаттау болып табылады.

ЕСКЕРТПЕ Құрылыстық ҚР ҚН EN болат, болаттемірбетон және темірбетонды әр қайсысын жеке жеке өз құжаттарында қарастырады. Бұл жағдайда, материалдар бойынша өртке қарсы нормаларды тармақ бойынша қарастыру бұл құжаттарды жобалаушылардың қолдануына жеткілікті емес. Құрылыс нормаларда көрсетілген ғимараттар мен құрылыстарды жобалаудың принциптерін қолданудан бұрын жүктеменің табиғатын түсіну қажет. Сол себептен осы НТҚ екі бөлек құжатқа арналған құрал ретінде тағайындалады, оның ішінде 1991 ҚР ҚН EN 1.2 Бөлімі, 1993 ҚР ҚН EN 1.2 Бөлімі және сілтемелері, 1990 ҚР ҚН EN.

1.4 Осы құралды қолдану кезінде 1990 ҚР ҚН EN мен 1991 ҚР ҚН EN жалпы талаптарын ескеру қажет. Осыдан сырт, осы құралдың барлық ережелері болат конструкцияларды дайындау және құрастыру 1090 EN-ге сәйкес жасалғанын шамалайды. 1990 ҚР ҚН EN-де келтірілген жалпы жорамалдарға қосымша ретінде осы НТҚ-да келесі жорамалдар қолданылады: есептеу кезінде ескерілетін пассивті өртке қарсы қорғаныстың қайсы бір жүйесіне эксплуатация үрдісінде сәйкес түрде қызмет көрсетілуі тиіс.

***Ресми басылым***

---

## 2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құралдарды қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

а) Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары (негізгі сілтемелер):

- 1990 ҚР ҚН EN;
- 1991 ҚР ҚН EN;
- 1992 ҚР ҚН EN;
- 1993 ҚР ҚН EN;
- 1994 ҚР ҚН EN.

б) болат, болат пішімдер, болат бұйымдар және пісірілген шығын материалдарына арналған стандарттар (екіншілік сілтемелер):

- 10025 EN «Конструкциялық болаттан жасалған бұйымдар»;
- 10155 EN «Конструкциялық атмосфератұрақты болаттар. Жеткізудің техникалық шарттары»;
- 10210 EN «Легирленбеген конструкциялық болаттан және ұсақтүйірлі конструкциялық болаттан жасалған металлконструкцияларына арналған, ыстық әдіспен жасалатын қуыс профилдер. Бөлім 1. Жеткізудің техникалық шарттары»;
- 10219 EN «Легирленбеген конструкциялық болаттан және ұсақтүйірлі конструкциялық болаттан жасалған металлконструкцияларына арналған, суық әдіспен жасалатын қуыс пісірілген профилдер. Бөлім 1. Жеткізудің техникалық шарттары»;
- 1363 EN «Отқа тұрақтылық. Жалпы шарттар»;
- 13501 EN «Өрт қауіпіне байланысты құрылыс конструкцияларының, материалдарының және бұйымдарының жіктелуі. Бөлім 2. Желдету жүйелерінде қолданылатынан басқа құрылыс конструкциялары мен бұйымдарының өртке төзімділігіне байланысты жіктелуі»;
- 13381 ENV «Құрылыс конструкцияларының өртке тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтайтын сынақ әдістері. Бөлім 1. Горизонталды қорғау мембраналары»;
- 13381 ENV «Құрылыс конструкцияларының өртке тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтайтын сынақ әдістері. Бөлім 2. Вертикалды қорғау мембраналары»;
- 13381 ENV «Құрылыс конструкцияларының өртке тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтайтын сынақ әдістері. Бөлім 4. Болат конструктивті элементтерді қорғау».

## 3 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

3.1 Осы құралдағы болуы мүмкін өрттің әсерін ескере отырып болат конструкцияларды жобалау кезіндегі терминдер мен анықтамалар келесілерге сәйкес қолданылады:

- 1990 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-1-1 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-1-2 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;

- 1993-1-3 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-4 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-1-5 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-6 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-7 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-8 ҚР ҚН EN-нің 1.4 тармағына;
- 1993-1-9 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-10 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-1-11 ҚР ҚН EN-нің 1.3 тармағына;
- 1993-2 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-3-1 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-3-2 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-4-1 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-4-2 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына;
- 1993-4-3 ҚР ҚН EN-нің 1.5 және 1.8 тармақтарына;
- 1993-5 ҚР ҚН EN-нің 1.5 және 1.8 тармақтарына;
- 1993-6 ҚР ҚН EN-нің 1.5 тармағына.

ЕСКЕРТПЕ Осы құралдың 3.1 Тармақтарында аталған терминдер мен анықтамаларға қоса осы құралдың Б Қосымшасына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

3.2 Ос нұсқаулықта өрттің мүмкін болатын әсерін есепке ала отырып болат құрылымдарды жобалаған кезде қажет белгілер мен қысқартулар қолданылады:

**а) латын әліпбиінің бас әріптері:**

- $A_i$  —  $\theta_i$  температурасымен көлденең бойлықтың элементарлы ауданы;
- $A_m$  — ұзындық бірлігіне құрылымның беткі ауданы;
- $A_m/V$  — қорғалмаған болат құрылымдар үшін қиманың коэффициенті;
- $C_i$  — құрылым бетінің  $i$ -қорғаныс коэффициенті;
- $A_p$  — құрылымның ұзындығы бірлігіне отқа төзімді материалдың тиісті ауданы ( $m^2$ );
- $E_a$  — қалыпты температура кезіндегі болат серпімділігінің модулі;
- $E_{a,\theta}$  —  $\theta_a$  көтеріңкі температура кезінде болаттың серпімділігі деформациясы саласындағы желілік учаскенің иілгіштігі тангенс бұрышы;
- $E_{fi,d}$  — температуралы кенею және деформацияның әсерін есепке ала отырып ҚР ҚН EN 1991-1-2 сәйкес анықталатын өрт кезіндегі әсер ету нәтижесінің есептік мағынасы;
- $F_{b,Rd}$  — бұрандалардың иленімінің есептік қарсылығы;
- $F_{b,t,Rd}$  — өрт кезінде бұрандалар иленімінің есептік қарсылығы;
- $F_{v,Rd}$  — болт бұрандасының айналымы арқылы өтетін кесінді жазықтығынан өтуі кезінде анықталатын кесінді жазықтығына бұранданың жылжуының есептік қарсылығы;
- $F_{v,t,Rd}$  — өрт кезіндегі жылжу жазықтығына жүктелген бұрандалардың есептік қарсылығы;
- $F_{w,Rd}$  — ұзындық бірлігіне бұрыштық дәнекерлеу тігісінің есептік қарсылығы;

$F_{w,t,Rd}$  — өрт кезінде ұзындық бірлігіне бұрыштық дәнекерлеу тігісінің есептік қарсылығы;

$G_k$  — тұрақты әсер етудің нормативтік мағынасы;

$I_f$  — ашық өту жерлері сәулеленуінің жылу ағыны;

$I_z$  — жалыннан сәулеленудің жылу ағыны;

$I_{z,i}$  — колоннаның I-бетінің жалынына сәулеленудің жылу ағыны;

$L$  — тиісті қабаттағы колоннаның есептік ұзындығы;

$M_{b,fi,t,Rd}$  —  $t$  уақыты сәтінде бүйір шығуға есептік қарсылық;

$M_{fi,t,Rd}$  —  $t$  уақыты сәтінде иілу сәтіне есептік қарсылық;

$M_{fi,0,Rd}$  —  $\theta_a$  температурасына дейін тегіс жылытылған көлденең қиманың иілу сәтіндегі,  $\theta_a$  температурасына тең көлденең қима ауданына дейін тегіс таратылған тіректері бар жылусыз өзара әрекет ететін  $t$  уақытына тең сәттегі есептік қарсылық;

$M_{Rd}$  — пластикалық деформация жағдайында қалыпты температура кезінде  $M_{pl,Rd}$  брутто иілуші сәтіндегі көлденең қиманың қарсылығы; серпімді деформация жағдайындағы қалыпты температура кезінде  $M_{pl,Rd}$  брутто иілуші сәтіндегі көлденең қиманың қарсылығы;

$N_{b,fi,t,Rd}$  —  $t$  уақыты сәтінде бүйір шығуға сығылған құрылымның есептік қарсылығы;

$N_{Rd}$  — ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес қалыпты температура кезінде бойлықты күштің әсеріне  $N_{pl,Rd}$  көлденең қимасының есептік қарсылығы;

$N_{fi,0,Rd}$  —  $\theta_a$  тегіс таратылған температурасы кезінде құрылымның созылуына есептік қарсылығы;

$N_{fi,t,Rd}$  — көлденең қиманың температурасы тегіс таратылған кезде  $t$  уақыты сәтінде құрылымның созылуға есептік қарсылығы;

$Q_{k,1}$  — басым ауыспалы әсер ету;

$R_{fi,d,t}$  — өрт кезінде қарсылықтың есептік тиісті мағынасы;

$R_{fi,d,0}$  —  $t = 0$  уақыт кезіндегі  $R_{fi,d,t}$  мағынасы;

$T_f$  — өрт температурасы (K);

$T_0$  — ашық жердегі жалынның температурасы (K);

$T_x$  — өрт фронтының температурасы (813 K);

$T_z$  — жалынның температурасы (K);

$T_{z,1}$  — В EN 1991-1-2 қосымшасы бойынша бағанның жоғарғы шетінің деңгейіндегі температурасы (K);

$T_{z,2}$  — В EN 1991-1-2 қосымшасы бойынша бағанның жоғарғы шетінің деңгейіндегі температурасы (K);

$V$  — құрылым ұзындығы бірлігінің көлемі;

$V_{fi,t,Rd}$  —  $t$  уақыт сәтінде жылжуға есептік қарсылық;

$V_{Rd}$  — ҚР ҚН EN 1993-1-1 сәйкес қалыпты температура кезінде брутто көлденең қимасының жылжуға қарсылығы;

$X_k$  — ҚР ҚН EN 1993-1-1 бойынша қалыпты температура кезінде беріктік немесе деформациялық сипаттамалардың нормативтік мағынасы (әдетте  $f_k$  немесе  $E_k$ ).

#### **б) латын әліпбиінің кіші әріптері:**

$a_z$  — жалынның жұту қабілеті;

$c$  — өзіндік жылу сыйымдылығы;

$c_a$  — болаттың өзіндік жылу сыйымдылығы;  
 $c_p$  — уақытқа тәуелді отқа төзімді материалдың өзіндік жылу сыйымдылығы;  
 $d_i$  — құрылымның беткі і-бағытындағы көлденең қима мөлшері;  
 $d_p$  — отқа төзімді материалдың қалыңдығы;  
 $d_f$  — отқа төзімді материалдың қалыңдығы ( $d_f = 0$  қорғалмаған құрылым үшін);  
 $f_{p,\theta}$  —  $\theta_a$  көтеріңкі температурасы кезіндегі серпімділік шегі;  
 $f_y$  — 20 °C кезіндегі аққыштық шегі;  
 $f_{y,\theta}$  —  $\theta_a$  көтеріңкі температурасы кезіндегі болаттың есептік аққыштық шегі;  
 $f_{y,i}$  —  $A_i$  элементарлы алаң үшін атаулы аққыштық шегі  $f_y$ , пластикалық деформациялар кезінде бейтарап желіге қатысты оң және созылған бөлікте теріс қабылданады.

$f_{u,\theta}$  — көтеріңкі температурасы кезіндегі деформацияланған берік құрылымның аққыштық шегі;

$h_{\text{net},d}$  — аудан бірлігіне жылу ағынын нәтижелейтін есептік мағына;

$h_z$  — бағанның төменгі шеті деңгейіндегі жоғарғы жалынның асыра шамасы;

$i$  — (1), (2), (3) немесе (4) баған бетінің реттік нөмірінің көрсеткіші;

$k_{b,\theta}$  — бұrandаның тиісті температурасы бойынша анықталатын төмендеу коэффициенті;

$k_{E,\theta}$  —  $t$  уақыты сәтінде болаттың  $\theta_a$  температурасына жетуі кезіндегі серпімді деформацияның еңіс тік желілі учаскесі үшін төмендеу коэффициентін 3-тараудан қараңыз;

$k_{E,\theta,\text{com}}$  —  $t$  уақыты сәтінде қол жеткізілетін  $\theta_{a,\text{com}}$  сығылған бөліктегі болаттың ең жоғары температурасы кезінде серпімді деформацияның тік желілік учаскесі саласындағы еңістік бұрышының төмендеу коэффициенті;

$k_{sh}$  — көлеңкелі әсердің әрекетін есептеу үшін түзету коэффициенті;

$k_\theta$  —  $\theta_a$  көтеріңкі температурасы кезіндегі болаттың беріктік немесе деформацияланған сипаттамалардың салыстырмалы мағынасы;

$k_\theta$  — материал температурасына тәуелді беріктік немесе деформацияланған сипаттамалардың төмендеу коэффициентін 3-тараудан қараңыз;

$k_w$  — дәнекерлеу жігінің беріктікті төмендету коэффициенті;

$k_{y,\theta}$  —  $t$  температурасы уақыты сәтінде қол жеткізілетін  $\theta_a$  болаттың температурасы кезінде аққыштық шегінің төмендеу коэффициентін 3-тараудан қараңыз;

$k_{y,\theta,\text{com}}$  —  $t$  уақыты сәтінде қол жеткізілетін  $\theta_{a,\text{com}}$  сығылған бөліктегі болаттың ең жоғары температурасы кезінде серпімді деформацияның тік желілік учаскесі саласындағы еңістік бұрышының төмендеу коэффициентін 3-тараудан қараңыз;

$k_{y,\theta,i}$  —  $\theta_i$  температурасы кезінде болаттың аққыштық шегінің төмендеу коэффициенті;

$k_{y,\theta,\text{max}}$  —  $t$  уақыты сәтінде қол жеткізілетін  $\theta_{a,\text{com}}$  ең жоғары температурасы кезінде болаттың аққыштық шегінің төмендеу коэффициенті;

$k_{y,\theta,\text{web}}$  — коэффициент снижения предела текучести стали при температуре стали  $\theta_{\text{web}}$  болаттың температурасы кезінде болаттың аққыштық шегінің төмендеу коэффициенті;

$k_y$  — өзара іс-қимыл коэффициенті;

$k_z$  — өзара іс-қимыл коэффициенті;

$k_{LT}$  — өзара іс-қимыл коэффициенті;

$m$  —  $m$  жағындағы ашық өтпелердің саны;

$n$  —  $n$  жағындағы ашық өтпелердің саны;

$l$  — 20 °С кезіндегі ұзындық; жалын осі бойында анықталатын ашық орынның қашықтығы;

$l_{fi}$  — есептік өрт кезінде колоннаның бүйір шығысы аймағының ұзындығы;

$s$  — колоннаның геометриялық өсінен өртті бөлу бөлігі қабырғасына дейінгі тігінен қашықтық (секциялар);

$t$  — өртті әсер ету уақыты;

$w_i$  — ашық орынның ені;

$z_i$  — пластикалық деформациялар кезінде  $A_i$  элементарлы ауданындағы қиманың бейтарап өсінен ауырлық орталығына дейінгі қашықтық.

**в) грек әліпбиінің бас әріптері:**

$\Delta t$  — уақыт аралығы;

$\Delta l$  — температуралық ұзарту;

$\Delta \theta_{g,t}$  —  $\Delta t$  уақыт аралығында газ ортасы температурасының артуы;

$\phi_{f,i}$  — ашық орынға қатысты құрылымның  $i$ -бетінің сәулеленуінің бұрыштық коэффициенті;

$\phi_f$  — ашық орыннан сәулеленумен жылу алмастыру үшін құрылымның сәулеленуінің нәтижелеуші бұрыштық коэффициенті;

$\phi_z$  — жалыннан сәулеленумен жылу алмастыру үшін құрылымның сәулеленуінің нәтижелеуші бұрыштық коэффициенті

$\phi_{z,i}$  — жалыннан сәулеленумен жылу алмастыруды есептеу үшін құрылым бетінің  $i$  сәулеленуінің бұрыштық коэффициенті;

$\phi_{z,m}$  —  $m$  жағына жалыннан сәулеленумен жылу алмастыруды есептеу үшін колоннаның бұрыштық сәулеленуінің нәтижелеуші коэффициенті;

$\phi_{z,n}$  —  $n$  жағына жалыннан сәулеленумен жылу алмастыруды есептеу үшін колоннаның бұрыштық сәулеленуінің нәтижелеуші коэффициенті.

**г) грек әліпбиінің кіші әріптері:**

$\alpha$  — конвективті жылумен алмастыру коэффициенті;

$\beta_M$  — сәттерді тұрақты мағынаға келтіру коэффициенттері;

$\gamma_G$  — тұрақты әсер ету үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{M2}$  — қалыпты температуре кезінде қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{M,fi}$  — материалдың сипаттамасына тәуелді қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\gamma_{Q,1}$  — бір реттік ауыспалы әсер ету үшін қауіпсіздіктің жеке коэффициенті;

$\varepsilon_f$  — жалынның қара дағының дәрежесі; ашық жердің қара дағының дәрежесі;

$\varepsilon_z$  — жалынның қара дағының дәрежесі;

$\varepsilon_{z,m}$  —  $m$  жағынан жалынның қара дағының жалпы дәрежесі;

$\varepsilon_{z,n}$  —  $n$  жағынан жалынның қара дағының жалпы дәрежесі;

$\xi$  —  $G$  қолайсыз тұрақты әсерді есепке алу үшін төмендетуші коэффициент;

$\eta_{f,i}$  — өрт кезінде батырудың есептік деңгейінің коэффициенті;

$\theta$  — температура;

- $\theta_a$  — болаттың температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ );  
 $\theta_{a,cr}$  — болаттың сын температурасы ( $^{\circ}\text{C}$ );  
 $\theta_{g,t}$  —  $t$  уақыты сәтіндегі газ ортасының температурасы;  
 $\theta_{web}$  — құрылым қимасының орташа температурасы;  
 $\theta_i$  — элементарлы ауданның температурасы  $A_i$ ;  
 $k$  — түзетілетін коэффициент;  
 $k_1$  — температураның көлденең қима ені бойынша тегіс тарамауы үшін түзету коэффициенті;  
 $k_2$  — баған ұзындығы бойынша температураның көлденең қима ені бойынша тегіс тарамауы үшін түзету коэффициенті;  
 $\lambda$  — жылу өткізгіштік коэффициенті;  
 $\lambda_i$  —  $i$  ашық жерден өтетін жалынның қалыңдығы;  
 $\lambda_p$  — отқа төзімді материалдың жылу өткізгіштік коэффициенті;  
 $\mu_0$  —  $t = 0$  уақыты сәтінде көтерушілік қабілетті пайдалану коэффициенті;  
 $\sigma$  — тұрақты Стефана-Больцман ( $5,67 \times 10^{-8} \text{ Вт}/(\text{м}^2 \cdot \text{K}^4)$ );  
 $\rho_a$  — болаттың тығыздығы;  
 $\rho_p$  — отқа төзімді материалдың тығыздығы;  
 $\chi_{fi}$  — есептік өрт үшін иілу кезінде тұрақтылықты жоғалтқан жағдайда төмендетуші коэффициент;  
 $\chi_{LT,fi}$  — есептік өрт үшін ширығу кезінде тұрақтылықты жоғалтқан жағдайда төмендетуші коэффициент;  
 $\chi_{min,fi}$  —  $\chi_{y,fi}$  және  $\chi_{z,fi}$  ең төменгі мағыналары;  
 $\chi_{z,fi}$  — есептік өрт үшін  $z$  өсінің майысуы кезінде тұрақтылықты жоғалтудың төмендетуші коэффициенті;  
 $\chi_{y,fi}$  — есептік өрт үшін  $y$  өсінің майысуы кезінде тұрақтылықты жоғалтудың төмендетуші коэффициенті;  
 $\psi_{fi}$  — әсер етудің үйлесу коэффициенті  $\psi_{1,1}$  немесе  $\psi_{2,1}$  тең қабылданады.

1 ЕСКЕРТПЕ Осы нұсқаулықтың 3.2-тармағында тізімделген белгілер мен қысқартуларға қосымша, осы нұсқаулықтың А қосымшасына сәйкес белгілер мен қысқартулар қолданылады.

2 ЕСКЕРТПЕ Одан өзге, осы нұсқаулықта:

- 1.6 ҚР ҚНЕН 1990 тармағына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-1-1 тармағына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-1-2 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-3 тармағына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-1-4 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-5 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-6 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-7 тармағына;
- 1.5 ҚР ҚНЕН 1993-1-8 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-9 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-10 тармағына;
- 1.4 ҚР ҚНЕН 1993-1-11 тармағына;

- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-2 тармағына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-3-1 тармағына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-3-2 тармағына;
- 1.6, 1.7 және 1.8 ҚР ҚНЕН 1993-4-1 тармақтарына;
- 1.6, 1.7 және 1.8 ҚР ҚНЕН 1993-4-2 тармақтарына;
- 1.6 және 1.7 ҚР ҚНЕН 1993-4-3 тармақтарына;
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-5 тармағына,
- 1.6 ҚР ҚНЕН 1993-6 тармағына сәйкес сәйкес белгілер мен қысқартулар қолданылады.

## **4 НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕР МЕН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ**

### **4.1 Конструктивті өртке қарсы құрылыс жобалауға кіріспе**

4.1.1 Барлық ғимарат анықталған функционалды талаптарға сай болуы тиіс, оның ішінде нұсқамаларда анықталғандай өрттің ішке таралу, өрттің сыртқа таралу кездеріндегі құтқарылу құралдары және Өрт қызметінің мүмкіндік құралдары. Құрылыс нормалары мен ережелері ғимараттың іші мен айналасындағы саулық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің орынды стандарттарына кепілдік беруге тағайындалғандығын ерекшелеп айта кеткен жөн. Олар конструкцияның бүлінуін шектеуге есептелмеген, және өрт әсер еткен жағдайда ақшалай шығындарды ықшамдауға есептелмеген.

4.1.2 Қазіргізаман мақсаттары үшін құрылыс конструкциялары бойынша таралатын ішкі өртке байланысты ең маңызды талабы келесідей: өрт кезінде ғимараттың тұрақтылығы белгілі бір кезең бойы тұрақты болатындай етіп жобаланған және салынған болуы тиіс.

4.1.3 Болат элементтері үшін температураны жоғарлатқан сайын оның мықтылығы мен қаттылығының төмендеуі 400°C -бен 700°C аралығында елеулі болып табылады. Өрт шарты үшін болат конструкцияларын «жобалаудың» ең таралған әдісі, температуралық көтеру қабылеттілігінің көрсетілген пайызына кепілдік бере алуы үшін болат элементтерін өртке қарсы материалдармен қорғаған ғимараттарды жобалаумен байланысты.

4.1.4 Белгілі бір кезең бойы тұрақтылықты қамтамасыз ету туралы ғимаратқа арналған талаптар өртке тұрақтылықтың стандартты сынақтарында тірі қалуға қажет уақытпен байланысы бар. Өртке тұрақтылық талаптары өртке тұрақтылық уақытына тура байланысы бар, және көп жағдайларда өртке тұрақтылық сынақтарында тірі қалу мен өрт кезінде тірі қалу екеуінің арасында тура байланыс бар деп қате түсінік беріледі. Есептің дәстүрлі критерийлері – белгілі бір топқа жататын ғимаратты бағалауға негізделген нұсқауларда талап етілген уақыттан өртке тұрақтылық көп болуы тиіс. Өртке тұрақтылық тоқтап қалудың негізгі үш критерийне байланысты анықталған: изоляция, бүтіндік және салмақ көртеру қабылеттілігі. Бұл әдіс бойынша ғимараттардың көптеген бөлігі жобаланады. Нұсқаудың алдын ала жазу табиғаты ғимараттар үшін өртті есептеудің рационалды әдісінің дамуына кедергі жасады.

4.1.5 Жоғарыда айтылғандай, болат конструкциялары үшін анықталған өртке тұрақтылық кезеңдеріне жетудің дәстүрлі құралдары құрылыс конструкциялары



элементтеріне пассивті өрткеқарсы қорғанысты қолданудан тұрады. Бұл пассивті өрткеқарсы қорғаныс бетон немесе тас төсеніштер сияқты дәстүрлі құрылыс материалдары формасында жүзеге асырыла алады. 1970 жылдардың аяғына дейін бетон салмақ түсетін болат конструкция үшін өрткеқарсы қорғаныстың ең таралған формасы болған. Бірақ, бұл формағың жоғарғы құны және өрт кезінде оның жарылуы баламалы әдістердің дамуына әкелді. Изоляцияны көбінде себелеумен немесе изоляциялық тақта немесе олардың комбинациясы көмегімен өртке қарсы қорғаныспен қамтамасыз етілген. Күп болатын жабындар дәстүрлі әдістерге сай болуы мүмкін. Тозаңдататын жүйелерді қолдану, ілінбелі төбемен тығылған төбе кессондары сияқты болат бұйымдар көрінбейтін жерлерде көп таралған. Қазіргі заман болат кеңселерінде қорғаныстың таралған формасы – арқалықтарды тозаңдату және колонналарды өртке төзімді тақталармен қорғау.

4.1.6 Өрт кезіндегі болат конструкцияларды есептеу әдістемесіндегі елеулі өзгерістер 1990 жылы пайда болды. Бұл норма конструкциялық болат және құраушы элементтерді өртке тұрақтылықтың стандартты сынағы бойынша бағалауға негізделгендігімен, бұл архитекторларға есептеп шығару көмегімен өртке төзімділік үшін баламалы әдістерді жобалауға мүмкіндік береді. Болат элементтері үшін белгілі бір «тоқтап қалу температурасы» жоқ екендігі және конструктивті тоқтап қалуға тек температура ғана емесе, сонымен қатар жүктеме дәріжесі, сүйену шарттары және элемент арқылы және/немесе бойымен жылу градиентінің болуы немесе болмауы әсер ететіндігі мойындалған. Норма табиғи өрттерді қарастыруды ескерген, бірақ егжей – тегжейлі ақпаратты немесе басқаруды қамтамасыз етпейді. Өрт кезінде шекті жағдай үшін анықталған жүктеме коэффициенті мен беріктілік коэффициенті берілген. Олар - жүктеменің ықтималды бөлінуі мен материал қасиеті тудыратын белгісіздікпен анықталатын беріктік запастары.

4.1.7 Болат конструкциялар үшін жоғарыда аталған өртке төзімділікке жетудің ең таралған әдісі пассивті өрткеқарсы қорғанысты қолдану болып қала береді. Кесік коэффициентін қарастырудан алынған өрткеқарсы қорғаныс жуандығы ( $H_p/A$  немесе  $A_m/V$ ). Бұл – қыздырылған периметрдің көлденең қима ауданына қатынасы, бұл өрт кезінде болат профилдердің өзгермелі қызу көрсеткіштерін ескеруге арналған брутто.

4.1.8 Есептеп шығару әдістеріне шектеуші температуралық әдіс кіреді. Бұл қарапайым, бірақ тиімді үрдіс жүктеме қатынасы түсінігін қолданады, яғни өрт кезінде элемент көтерегін жүктеменің қалыпты температура кезіндегі салмақ көтеру қабілеттілігіне деген қатынасы, бұл шектік температураны алу үшін, және пассивті қорғанысқа деген қажеттілікті бағалау үшін қажет. Шектеуші температуралық әдіс қозғаушы күші жоғарғы дәрежедегі арқалықтарға қолданылмағандығын ескеру қажет. Аталған әдіс өрт кезінде шектік жағдай үшін төмендетілген жүктеме коэффициенттерін қолданады. Баламалы таңдау момент бойынша салмақ көтеру қабілеттілік әдісін қолданудан тұрады. Бұл әдісті жұқа кесінділер үшін қолдануға болмайды. Ол көп қолданылмайды, себебі арқалықтың температуралық профилін білуді талап етеді. Момент бойынша салмақ көтеру қабілеттілігі сәйкес қолданылатын мықтылықты төмендету коэффициентімен критикалық элементтің белгілі температурасына негізделген. Егер момент бойынша салмақ көтеру қабілеттілігі өрттің шектік жағдай кезінде салынғаннан артық болмаса арқылыққа қорғаныс салып қажет емес. Құрамдық плиталар критикалық

өлшемдер мен температуралық мәліметтер үшін қарапайым анықтамалық кестелердің көмегімен нормаға қосылған.

4.1.9 ҚР ҚН EN-нің ерекшелігі неде – жобалаушы сұрайтын барлық ақпараттар бір ғана құжата аясында ғана емес. Температуралық есеп үшін жылу әсері туралы ақпарат 1991-1-2 ҚР ҚН EN-нен алынған; салмақ көтеруші болат конструкцияның температурасын көтеру есептелетін әдіс (қорғалған немесе қорғалмаған) 1993-1-2 ҚР ҚН EN және 1994-1-2 ҚР ҚН EN-де бар; стандартты өртке тап болатын белгілі бір элементтердің температураның көрсеткіштері 1992-1-2 EN кестесінде жинақталған. Конструктивті салмақ көтеру қабілеттілігін анықтау үшін жобалау әдістемесі 1992 ҚР ҚН EN, 1993 ҚР ҚН EN, 1994 ҚР ҚН EN бөлімдерінде көрсетілген, бірақ бағалауға арналған әсерлер (немесе жүктемелер) 1991 ҚР ҚН EN-нің сәйкес бөлімдерінен алынған.

## **4.2 Есептеу бойынша жалпы ережелер**

4.2.1 Құрылыс нормаларға негізделген ҚР – ң құрылыс нормалары жобалаушыға келесідей мүмкіндіктер диапазонына жол ашады: отқа төзімділіктің стандартты кезеңдеріне негізделген алдын ала жоспарлаған ережелерден және кестеге жиналған мәліметтерді есептеп шығару үрдістеріне қолданудан бастап кәдімгі өртке негізделген ережелер мен бүлінбеген конструкцияның мінезіне дейін. Осы әдістердің әр қайсысы осы конструктивті формамен біріге қолдану дәрежесі материалдың өрт кезінде жұмыстауына байланысты білімді білу дәрежесіне және сәйкес бекітілген есептік әдістердің қол жетімдігіне тәуелді. Қалыпты талаптарға сай потенциалды жолдарға көрсететін өрт кезіндегі шектік жағдай үшін жобалаудың жалпы әдістемесі 4.1. Суретінде көрсетілген.


4.2.2 Қиындық көз қарасынан алғандағы иерархия – кестеге жинақталған мәліметтер, кейіннен қарапайым есептеп шығару әдістері, кейіннен жалпы есептеп шығару әдістері. Жобалау үшін жобалауға мәліметтерді бір кестеге жинақтау әдісі көптеген конструкциялар үшін ең тиімдісі болып табылады. Есептеп шығару әдістерін ерекше жағдайларда жұмыстауын көрсетуге қолдануға болады және белгілі бір жағдайларда елеулі пайда әкелуді қамтамасыз ете алады. Есептеп шығарудың жалпы әдістері (қалыпты жағдайда сызықтық емес соңғы-элементтік моделдер) өте күрделі конструкция болған жерде қолданылады. Осындай конструкциялардың мысалдары: спорт стадиондары, көрме залдары және аэропорт ғимараттары.

4.2.3 Инженерлік өртке қаржы жобалауды орындауға қажетті ақпарат дәстүрлі түрде бір нормативті құжат аясында орналасқан болған. EN ҚР құрылыс нормалары – жобалау нормаларының интегралданған жиынтығы және сондай ретінде қолдануға тағындалған.

4.2.4 Құрылыс материалдары бойынша (1993-1-2 ҚР ҚН EN) 1993 ҚР ҚН EN-нің өртке қарсы бөлімінде отқа төзімділікті келесілер арқылы анықтауға болады:

- есептеп шығарудың қарапайым моделдерімен;
- есептеп шығарудың жалпы моделдерімен;
- кестеге жинақталған мәліметтермен.

4.2.5 Нормативті талаптар ғимарат типіне (кеңсе, тұрғын үй, сауда және т.б.) және конструкцияның биіктігіне негізделген. Есептеуге қажетті әр түрлі стандарттар арасындағы қарым қатынасқа көрсететін ҚР ҚН EN-де жобалаудың әдістемесі келесідей:




- өрттің сәйкес келетін есептік сценарийін таңдау (1991-1-2 ҚР ҚН EN);
- сәйкес келетін есептік өртті анықтау (1991-1-2 ҚР ҚН EN);
- конструктивті элементтердің температурасының көтерілуін есептеп шығару (1993-1-2 ҚР ҚН EN);
- механикалық режимді (жауапты) есептеу (1993-1-2 ҚР ҚН EN).

Әдіс сұлба түрінде 4.1 Суретінде көрсетілген.

4.2.6 Әдістердің арасындағы көптеген айырмашылықтар – ол, бағалау үшін қолданатын тұрақты және уақытша жүктемелер мен температуралы – уақыттық режим материалдар бойынша нормалардың құрамында жоқ, керісінше конструкцияға әсер ету бойынша сәйкес нормалардың құрамында бар.

4.2.7 ҚР ҚН EN-дегі есептеуіп шығарудың қарапайым әдістері жоғары температура кезінде материалдың қасиеттерінің төмендеуін бағалауға, сонымен қатар өрт кезінде шекті жағдайдағы сәйкес жектемені бағалауға негізделген. Бұл жағдайда салмақ көтеру қабілеттілігі өрт кезіндегі жүктеменің әсерімен салыстырғандағы және сәйкес келетін есептік жылу әсерінің төмендетуші коэффициенттері негізінде есептеліп шығарылады. Ереже бойынша есептеп шығарудың жалпы әдістері құрамына жалпы жобалаушылардың қолы жетпейтін күрделі соңғы – элементтік моделдерді қолдану кіреді.



**4.2 Сурет – Құрылыстық өртке қарсы жобалаудың жеңілдетілген үрдісі**

### **4.3 1993-1-2 ҚР ҚН EN бойынша болат конструкцияларды жобалау**

Болат конструкцияларды өртке қарсы жобалаудың әдістемесі ҚР ҚН EN-де жүргізілетін есепке сәйкес жіктелген. Есепті бір ғана элементке, конструкцияның бөлігіне немесе түгел конструкцияға жүргізуге болады. Жобалаушының қолы жетерлік нұсқалар 4.1 Кестесінде көрсетілген. Есептеп шығарудың қарапайым әдістері созылған элементтер, сығылған элементтер және бүгілуге жұмыстайтын элементтер үшін көрсетілген. Тексеруді салмақ көтеру қабілеттілікке байланысты немесе температураға байланысты жүргізуге болады.

#### 4.1 Кесте – 1993-1-2 ҚР ҚН EN бойынша отқа төзімділікті тексерудің баламалы әдістері

	Кестеге жинақталған мәліметтер: алдын ала ескеретін әдістер	Есептеп шығарудың жеңілдетілген әдістері	Есептеп шығарудың жалпы әдістері
Элементті есептеу. Элемент жеке қарастырылады. Температура айырмасынан басқа жағдайларда тура емес от әсерлері ескерілмейді	ЖОҚ	ИӨ - Стандартты өрт және параметрлік өрт - Қорғалған және қорғалмаған болат элементтері үшін температураның бөліну эпюрасын есептеп шығаруға болады	ИӨ Ұлттық қосымшаны қараңыз
Конструкцияның бөлігін есептеу. Конструкция аясындағы тура емес от әсері ескеріледі, бірақ құрылыстың басқа бөлігімен қатынасу уақытына тәуелділігі жоқ	ЖОҚ	ЖОҚ	ИӨ Ұлттық қосымшаны қараңыз
Барлық конструкцияны есептеу. Тура емес от әсері барлық конструкция бойынша қарастырылады	ЖОҚ	ЖОҚ	ИӨ Ұлттық қосымшаны қараңыз

#### 4.4 Сынақты ескере отырып жобалау

Барлық құрылыс материалдары үшін өрткеарсы жобалау, отқа төзімділік сынағының нәтижелерін ескермей жобалауға балама ретінде отқа төзімділік сынағының нәтижелеріне негізделі алады. Есептеу тәжірибелер мен есептеп шығарулар комбинациясына негізделі алады.

## 5 ЕСЕПТІК ӨРТТЕР

### 5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Құрылыс инженерлік өртке қарсы жобалаудың бірінші кезеңі – өртке қарсы есептің сәйкес сценарийін анықтау. Ереже бойынша, оның құрамына есептеу мақсаттары үшін ең ыңғайлы жағдайларды анықтауға ғимараттың әр түрлі секцияларында өрттің болуын қарастыру кіреді. Есептік сценарийді таңдап алу қарастырылатын есептік өртті таңдауды анықтайды. Құрылыс конструкцияларының келесі есебінде қолданылатын жылу әсерін анықтауға сынақтың стандартты әдістерінен алынған мәліметтерге негізделген алдын ала анықталған әдіс арқылы, немесе әр ғимарат үшін анықталған физикалық көрсеткіштерді қарастыру арқылы жетуге болады. Бұл әдіс есептеп шығару әдістерін ескреді және дәстүрлі құрылыс өртке қарсы жобалауға қарама қарсы болып келетін жаңа әдіс болып табылады. Жылу әсерін анықтауға қолданылатын төрт тиімді дәреже немесе моделдер бар. Күрделілігіне байланысты олар 5.1 Кестесінде сипатталған.

5.1.2 Осы күнге 3 және 4 дәрежелерді шешу ғылыми–зерттеу жұмыстары үшін немесе күрделі және инновациялық конструкциялар үшін шектеулі болған. Құрылыс нормаларды енгізу көптеген ғимараттарға нормаларда есептеп шығару әдістемесіне сәйкес жобалануына мүмкіндік береді. Реттеу органдары алдын ала анықтау әдісінен функционалды әдістемеге көше бастаған, бұл арқылы жобалаушыға нәтижесінде не болуы тиіс екендігі алдын ала жазылады, бірақ функционалды талаптарға сәйкес болуын алдын ала жазбайды. Осы таңдау еркіндігі жобалаушыға нұсқалар диапазонын ұсынады, оның ішінде есептеп шығару әдістерін қолдану да бар.

**5.1 Кесте – Жылу әсеріне арналған бағалау әдістері**

Бағалау дәрежесі	Жылу әсеріне арналған модел	Сипаттамасы
Дәреже 1	H1	Өрттің стандартты әсері – сынақ немесе кестеге жинаөталған мәліметтер
Дәреже 2	H2	Өрттің созылу ұзақтығына эквивалентті уақыт – секциядағы өрттің күрделілігін стандартты пештегі эквивалентті кезеңге байланыстырады
Дәреже 3	H3	Параметрлік әсер ету – бастапқы мәліметтер ретінде өрт секциясының физикалық сипаттамаларын қолданады
Дәреже 4	H4	Ілгерлетілген әдіс – зоналық немесе алаңдық моделдер қажет уақыт ұзақтығына арналған секцияның барлық реакциялары туралы көрініс береді

## 5.2 Ортаның температурасын есептеп шығаруға арналған жалпы ережелер

Келесі есепте қолданатын жылу әсері қарапайым есептеп шығару арқылы алған номиналды немесе жалпы әдістерге негізделген болуы мүмкін. Құрылыс өртке қарсы жобалаудың ерекше сценарийін таңдап алу тәуекелдік дәрежесін бағалауға негізделеді, ал ол болуы мүмкін өрт тудырушы көздерді және қандайда болсын қолы жетімді өртті табатын/төмендететін әдістерді ескереді. Есептік өрт бір ғана өрт секциясына бір рет қана қолданылуы тиіс.

## 5.3 Номиналды температуралық режимдер

### 5.3.1 Жалпы ережелер

Өрттің номиналды немесе стандартты қисықтары құрылыс материалдары мен элементтерін бағалаудың қарапайым құралын қамтамасыз етеді, осы жүктеме мен тірелу шартының әсерімен нақты анықталған жылу және механикалық жүктемені ескере отырып жалпы критерийлер жиынтығына қарсы. Ғимарттағы өрт туралы көріністер ойда ғана болғанымен өрттің стандартты қисықтары өрттің өсуі мен дамуына байланысты физикалық көрсеткіштердің бірінде ескермейді. 1991-1-2 ҚР ҚН EN – де берілген номиналды режимдер төменде сипатталған.

### 5.3.2 Стандартты температуралық режим

5.3.2.1 Өрттің стандартты қисығы құрылыс материалдарының салыстырмалы жұмысын анықтау үшін көптеген жылдар бойы сәтті түрде қолданылып келді. Температура – уақыт тәуелділігі төменде сипатталған және 1363 EN – де көрсетілген.

$$\Theta_g = 20 + 345 \cdot \log_{10} \cdot (8 \cdot t + 1) \quad (5.1)$$

мұндағы  $\Theta_g$ - өрт секциясындағы газдың температурасы (°C);  
t- уақыт (минута).

5.3.2.2 Осы номиналды қисықтың (және басқаларының да) бірден бір шешуші кемшілігі – төмендеу тармағы жоқ, яғни салқындау фазасы жоқ. Толықмасштабты тәжірибелер келесі нәтижелерді көрсетті: салқындау фазасы конструкцияның жұмысына байланысты өте маңызды көрсеткіш болуы мүмкін, ерекшелеп айтқанда жылу қозғалысы қатаң түрде шектеулі болған жерде. Бұл стандарттың тәуелділіктер – болат, темірбетон және болаттемірбетон конструкцияларына арналған нормаларда кестеге жинақталған мәліметтер үшін негіз болады. ҚР ҚН EN – нің қолы жетерлік есептеу әдістерінің көбісі стандартты режимге ұқсас есептік өртті таңдау бойынша шектеулі, себебі нақты өрттің әсеріне ұшырап жатқан жеке элементтер мен барлық конструкцияның жылу және конструктивті мінезі туралы толық ақпарат жоқ болуынан.

### 5.3.3 Сыртқы өрттің температуралық режимі

Сыртқы өрттің температуралық режимі басты конструкциядан сыртқы жағындағы фасадтың конструктивті элементтері үшін қолданылады. Сыртқы өрттің температуралық режимін келесі формула бойынша анықтайды:

$$\theta_g = 660 \cdot (1 - 0,687 \cdot e^{-0,32t} - 0,313 \cdot e^{-3,8t}) + 20 \quad (5.2)$$


мұндағы  $\theta_g$  және  $t$  жоғарыда сипатталған.

### 5.3.4 Көмірсулардың жану режимі

5.3.4.1 Толық өрт жүктемесінің елеулі бөлігін мұнайхимиялық өнімдер немесе пластмассалар құраған жағдайларда температура өте тез көтеріледі, себебі осы материалдардың жылотудыру қасиеттері салыстырамы түрде жоғары болып келеді. Сондықтан, осындай жағдайлар үшін баламалы температуралық режимді келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$\theta_g = 1080 \cdot (1 - 0,325 \cdot e^{-0,167t} - 0,675 \cdot e^{-2,5t}) + 20 \quad (5.3)$$

5.3.4.2 ҚР ҚН EN – де анықталған үш номиналды режим 5.1 Суретінде көрсетілген, мұнда сонымен қатар жалындау, өсу фазалары, бекітілген фаза және сөну фазаларынан құралатын өрттің типтік табиғи әсері көрсетілген. Туннелдердің ішкі қаптамасын бағалау сияқты белгілі бір жағдайларда қолданылатын өрттің көптеген номиналды режимдері бар.



**5.1 Сурет – Өрттің номиналды режимдері - отқа төзімділіктің нақты сынағымен салыстырғанда**



#### 5.4 Өрттің эквивалентті ұзақтығы

5.4.1 1991-1-2 ҚР ҚН EN – нің құрамында өрт секциясының физикалық сипаттамаларын бағалауға негізделген есепке арналған сәйкес келетін отқа төзімділікті анықтауға арналған әдіс бар. Бұл – номиналды режимдер мен нақты өрт секциясының мінезі арасындағы тиімді «ымыра». Бұл әдіс нақты секциядағы нақты өрттің қауіптілігі мен стандартты сынақ пешінде әсер етудің эквивалентті кезеңін байланыстырады. Сәйкес ішке кіретін мәліметтер – өрт жүктемесінің саны, секция өлшемі (жалпы ауданы және биіктігі), секцияны өңдеудің термодинамикалық көрсеткіштері және желдету шарттары. ҚР ҚН EN – дегі формула (жалпы ауданмен байланыстырылған, салыстырмалы өрт жүктемесіне негізделген):

$$t_{e,d} = (q_{f,d} \cdot k_b \cdot w_t) \cdot k_c \quad (5.4)$$

мұндағы  $t_{e,d}$  - есепке арналған өрттің эквивалентті ұзақтығы (минута);

$q_{f,d}$  – есептік салыстырмалы өрт жүктемесі (МДж/м<sup>2</sup>);

$k_b$  – өңдеудің термодинамикалық көрсеткіштеріне тәуелді қайта есептеу коэффициенті;

$w_t$  - желдету коэффициенті;

$k_c$  - материалға тәуелді түзету коэффициенті. (Қорғалған болат және темірбетон үшін  $k_c = 1,0$ , термодинамикалық көрсеткіштерді егжей – тегжейлі бағалау жүргізілмеген жерде  $k_b = 0,09$ ).

5.4.2 Желдету коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$w_f = (6/H)^{0,3} \cdot [0,62 + 90 \cdot (0,4 - \alpha_v)^4]$$

секцияда горизонталды ойықтар (жоғарғы шам терезелері) болмағанда;


мұндағы  $H$  – өрт секциясының биіктігі (м);

$\alpha_v$  - келесі формуламен анықталатын көрсеткіш:

$$\alpha_v = A_v/A_f$$

мұндағы  $A_v$  және  $A_f$  – сәйкесінше желдетілетін аудан және жалпы аудан (м<sup>2</sup>).

5.4.3 Элементтік отқа төзімділігі уақытша эквивалентті мәннен артық болғанда тексеру аяқталды деп есептеледі. 5.2 Суретіндегі уақытша эквиваленттілік түсінігі пештегі стандартты сынақ кезіндегі ұқсас температураға жететіндей етіп алынған элементтің уақыты мен конструктивті элементтің максималды температурасы салыстырмалы түрде қарастырылған. Уақытша эквиваленттілік түсінігі жұмыс мысалымен көрсетілген.



**5.2 Сурет – Уақытша эквиваленттілік түсінігі  
(конструктивті болат элементіне байланыстырғанда)**

1 МЫСАЛ Өрттің эквивалентті ұзақтығын есептеп шығару

1) Бастапқы берілгендер

Шекаралары өрткенбейтін конструкциялы (секция қабаттары және қабырғалар) үлкен емесе кеңседегі қорғалған болат арқалық үшін отқа төзімділіктің сәйкес кезеңін есептеп шығару қажет.

Әкімшілік ғимарат аясындағы үлкен емесе өрт секциясы қарастырылады – төменде келтірілген 5.2 бастап 5.5 аралығындағы Кестелердегі есептік мәліметтерді қараңыз.

**5.2 Кесте – Геометрикалық мәліметтер**

Сипаттама	Мәліметтер
Жалпы аудан $A_f$ (м <sup>2</sup> )	36 · (6м × 6м)
Желдетілетін аудан $A_v$ (м <sup>2</sup> )	7.2 (3.6м жуандығы × 2м биіктігі)
Желдету ойықтарының биіктігі $h$ (м)	2
Секция биіктігі $H$ (м)	4

**5.3 Кесте –Материалдардың жылу мәліметтері**

Элемент	Материал	Жылу инерциясы ( $b$ мәні -Дж/м <sup>2</sup> · с <sup>1/2</sup> К)	Ауданы (м <sup>2</sup> )
Шатыр	Бетон	2280	36
Еден	Гипс картон	520	36
Қабырғалар	Гипс картон	520	76,8

**5.4 Кесте – Секцияны өндеудің термодинамикалық көрсеткіштерін ескеруге арналған  $k_b$  коэффициенті**

Термодинамикалық көрсеткіштер	Мәліметтер
$b = (\rho \cdot c \cdot \lambda)^{1/2} \text{ (Дж/м}^2 \cdot \text{с}^{1/2}\text{К)}$	$k_b \cdot (\text{мин} \cdot \text{м}^2/\text{М} \cdot \text{Дж})$
$b > 2500$	0,04
$720 \leq b \leq 2500$	0,055
$b < 720$	0,07

**5.5 Кесте – Нормативті салыстырмалы өрт жүктемесі**

Функционалды тағайындалу	Нормативті салыстырмалы өрт жүктемесі $q_{f,k} \cdot (\text{М} \cdot \text{Дж/м}^2)$ -80%-дық квантиль
Тұрғын үй	948
Аурухана	280
Қонақ үйлер	377
Кеңселер	511
Мектептер	347

2) Шешімі

Осы мысал үшін келесі сәйкес мәндерді пайдаланамыз:

- есептік салыстырмалы өрт жүктемесі  $q_{f,d} = q_{f,k} = 570 \text{ МДж/м}^2$ ;
- желдету коэффициенті  $w_f = 0,863 \cdot (a_v = 0,2)$ ;
- термодинамикалық көрсеткіштерді ескеру коэффициенті  $k_b = 0,07$  ( $b = 945 \text{ Дж/м}^2 \cdot \text{с}^{1/2}\text{К}$ );

- құрылыс материалдар коэффициенті  $k_c = 1,0$  (қорғалған болат арқалық);

Онда (5.4) Формуласынан:

$$t_{e,d} = 570 \times 0,863 \times 0,07 = 34 \text{ минут}$$

Сондықтан өртке қарсы 60 минут қорғаныс жеткілікті.

**5.5 Параметрлік температуралық режимдер**

5.5.1 Уақытша эквивалентті әдіспен қатар параметрлік өрттер – секциядағы ішкі ортаға арналған температуралы – уақыттық қатынастарды анықтауға арналған есептеп шығарудың қарапайым мысалы. Осы әдіс 1991 ҚР ҚН EN – ң кезекті жобаларындағы (мақсаттарында) өрткеқарсы бөлімінде өзгертілген. Негізгі анықтама елеулі дәрежеде өзгеріссіз қалды. Қазіргі заман электрондық кестелерінде қолдануға идеалды түрде келетін секция газының температураларын тез және оңай аппроксимациялауды параметрлік әдіс қамтамасыз етеді. Әдісті экстенсивті түрде ұзақ уақыт бекітті. Көлемді

жалындау фазасынан кейін болатын фазаға ғана қолдануға болады, бұл фаза конструктивті мәселелерді қарастыру кезінде бірінші дәрежелі орын алады және секция аясында тегіс бөлінген температураны қабылдайды. 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН – нің А Қосымшасындағы негізгі анықтама келесідей:

$$\Theta_g = 20 + 1325 \cdot (1 - 0,324 \cdot e^{-0,2t^*} - 0,204 \cdot e^{-1,7t^*} - 0,472 \cdot e^{-19t^*}) \quad (5.5)$$

мұндағы  $\Theta_g$ - өрт секциясындағы температура ( $^{\circ}\text{C}$ );

$t^* = t \Gamma(\text{ч})$ ;

$t$  – уақыт (сағ);

$\Gamma = [O / b]^2 / (0.04 / 1160)^2$ ;

$b = \sqrt{(\rho \cdot c \cdot \lambda)}$  ( $\text{Дж}/\text{м}^2 \cdot \text{с}^{1/2}\text{K}$ );

$O$  – ойық коэффициенті ( $A_v \cdot \sqrt{h} / A_t$ ) ( $\text{м}^{1/2}$ );

$A_v$  – вертикалды ойықтар ауданы ( $\text{м}^2$ );

$h$  – вертикалды ойықтар биіктігі (м);

$A_t$  – қоршау конструкцияларының жалпы ауданы ( $\text{м}^2$ );

$\rho$  – қоршау конструкцияларының тығыздығы ( $\text{кг}/\text{м}^3$ );

$c$  – қоршау конструкцияларының салыстырмалы жылусиымдылығы ( $\text{Дж}/\text{кг} \cdot \text{K}$ ); және

$\lambda$  – қоршау конструкцияларының жылу өткізгіштігі ( $\text{Вт}/\text{м} \cdot \text{K}$ ).

5.5.2 Болжағандай қайсы болсын секция аясындағы температура параметрлік түрде уақытқа тәуелді қарапайым көрсеткіштік функция ретін өзгереді, ал мұндағы уақыт желдету ауданы мен секцияны өңдеу қасиеттерінің өзгеруіне тәуелді. 0,04 және 1160 мәндері әдісті дамытуда қолданылатын ойық коэффициенті және секцияның термодинамикалық көрсеткішіне жатады. Сол баяғы мәндерді қолдана отырып параметрлік есептеп шығару өрттің стандартты режимне ұқсас температуралық – уақыттық сипаттамаға сәйкес.

5.5.3 Есептеп шығару процедурасы инженерге температураны уақытқа байланысты көтеру дәрежесін көрсетеді. Өрттің ұзақтығын бағалау үшін өрт жектемесі және ойық арасындағы арақатынасты қарастыру қажет. Қыздыру фазасындағы максималды температура келесі формуламен анықталатын  $t_{\max}$  уақыт ішінде болады:

$$t_{\max} = \text{көбі: } 0,2 \times 10^{-3} \cdot \frac{q_{t,d}}{O} \text{ и } t_{\lim} \quad (5.6)$$

мұндағы  $q_{t,d}$  – қоршау конструкциялары бетінің толық ауданымен байланысты салыстырмалы өрт жүктемесінің есептік мәні ( $q_{t,d}$  мәні 50-1000 МДж/м<sup>2</sup> диапазонында болуы тиіс); ;

$t_{\lim}$  – өрттің өсуінің баяу, орташа немесе тез қақынына негізделген өрт ұзақтығының минималды мәні. Кеңсе ғимараттары үшін өрттің өсуінің орташа қарқыны  $t_{\lim}$  мәніне сәйкес келе отырып орташа қарқыны алынуы тиіс, ол 20 минутқа тең.


5.5.4 Өрт жүктемесінің көптеген практикалық комбинациялары үшін секция геометриясы мен ойық коэффициенті  $t_{\max}$  20 – минуттық шектен асатын болады. Сөну фазасындағы температуралық режимдерді келесі формулалар бойынша анықтайды:

$$\Theta_g = \Theta_{\max} - 625 \cdot (t^* - t_{\max}^*) \quad t_{\max}^* \leq 0.5 \text{ үшін} \quad (5.7a)$$

$$\Theta_g = \Theta_{\max} - 250 \cdot (3 - t_{\max}^*)(t^* - t_{\max}^*) \quad t_{\max}^* < 2 \text{ үшін} \quad (5.7b)$$

$$\Theta_g = \Theta_{\max} - 250 \cdot (t^* - t_{\max}^*) \quad t_{\max}^* \geq 2 \text{ үшін} \quad (5.7c)$$

2 мысалы типтік кеңсе секциясына арналған параметрлік есептеп шығаруды көрсетеді, ал 5.3 Суреті әдістің нақтылығын көрсететін сынағы бар есептік температуралық–уақыттық сипаттаманы көрсетеді. Оқырман жоғарыда айтылған уақыт эквиваленттігі байынша есептеп шығару әдістемесімен ортақ белгісі бар екендігін белгілейді.



**5.3 Сурет – Параметрлік есептеу мен сынақ нәтижелерін өзара салыстыру**

2 МЫСАЛ Параметрлік есептеп шығару

1) Бастапқы берілгендер

Әкімшілік ғимараттың аясындағы қарапайым өрт секциясында, оның жалпы ауданы 6 м × 6 м және бөлменің биіктігі 3,4 м. Фасадта бір ғана терезе ойығы бар, оның ені 3,6 м және биіктігі 2 м. 5.6 Кестесінде секцияның температуралық–уақыттық сипаттамаларын есептеп шығаруға қажетті геометрикалық көрсеткіштер берілген.

**5.6 Кесте – Параметрлік есептеп шығаруға арналған геометрикалық параметрлер**

Сипаттама	Мәліметтер
Жалпы ауданы $A_f$ (м <sup>2</sup> )	36 (6 м x 6 м)
Желдету ауданы $A_v$ (м <sup>2</sup> )	7,2 (3,6 м ені x 2 м биіктігі)
Секция шекараларының жалпы ауадағы (оның ішінде терезелер) (м <sup>2</sup> )	$153,6 \cdot [(2 \times 6 \times 6) + (4 \times 3,4 \times 6)]$
Желдету ойығының биіктігі $h$ (м)	2
Ойық коэффициенті $O \cdot (м^{1/2}) = (A_v \cdot \sqrt{h})/A_t$	0,066

2) Шешімі

Қабырғалар мен едені гис картонымен теңгерілген, төбе жинақтық темірбетон пластиналарынан орындалған. 5.7 Кестесінде секцияның температуралық–уақыттық сипаттамасын есептеп шығаруға қажетті материалдардың қасиеттері көрсетілген.

Есептеу кезінде қолданылатын  $b$  мәні салмақталған орта шама болып табылады, және мұнда  $b = \Sigma \cdot (b_j \cdot A_j \cdot A_j)$ . Мұндағы  $b$ , 945 Дж/м<sup>2</sup> · с<sup>1/2</sup>К тең болады.

**5.7 Кесте – Параметрлік есептеп шығаруға арналған жылулық мәліметтер**

Конструкция	Материал	Жылу инерциясы ( $b$ мәні - $\text{Дж}/\text{м}^2 \cdot \text{с}^{1/2}\text{К}$ )	Ауданы ( $\text{м}^2$ )
Төбе	Бетон	2280	36
Еден	Гипс картон	520	36
Қабырғалар	Гипс картон	520	76.8

Қалыпты қолданылатын құрылыс материалдарының термодинамикалық көрсеткіштері туралы ақпарат ҚР ҚН ЕН–де келтірілмеген. Кейбір басшылыққа алатын мәліметтерді әдебиеттерден таба аласыз, және олар 5.8 Кестесінде көрсетілген.  $b$  мәнінің сәйкессіздігі, болжаммен айтқанда сол материалдардағы өзгерістерден болады. Осы салада ақпараттың көп болуы қажет екендігі анық. Болуы мүмкін барлық жерлерде, есептеп шығаруы үшін жобалаушылар материалдар бойынша нақты мәліметтер алуы үшін дайындаушылардан кеңес алуы тиіс.

**5.8 Кесте – Қалыпты қолданылатын құрылыс материалдардың термодинамикалық көрсеткіштері**

Материал	Жылу инерциясының мәні $b$ ( $\text{Дж}/\text{м}^2 \cdot \text{с}^{1/2}\text{К}$ )
Кәдімгі бетон	2034,7
Жеңіл бетон	1122,5
Конструкциялық болат	13 422,3
Кальций силикатының панелі	151,8
Ағаш	223,8
Керпіш	1521,5

Жалпы алғанда нормативті салыстырмалы өрт жүктемесі ҚР ҚН ЕН–де жаңғыртылған квантилдің 80%-дың саны деп алынған. Бұл жағдайда  $570 \text{ МДж}/\text{м}^2$  есептік салыстырмалы өрт жүктемесі қолданылады. 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН–де және 5.9 Кестесіндегі салыстырмалы өрт жүктемелері ҚР ҚН ЕН–дегі мәндер бойынша көрсетілген. Әр түрлі құжаттардағы есептік мәндер әр қашан бір бірімен сәйкес келе бермейді, барлық жағдайларда есептеуге қабылданған әр бір көрсеткішті әбден тексеру қажет. Бұл критикалық есептік көрсеткіштерді жетілдіру үшін үлкен және күрделі жұмысты жасау қажет.

**5.9 Кесте – Салыстырмалы өрт жүктемелері**

Функционалды тағайындалуы	Нормативті салыстырмалы өрт жүктемесі (МДж/м <sup>2</sup> ) – 80%-дық квантиль
Тұрғын үй	948
Аурухана	280
Қонақ үй	377
Кеңсе	511
Мектеп	347

Бұл кіру мәліменттерімен (5.5) және (5.6) Формулалары секцияның температуралық–уақыттық сипаттамасын және күтілетін ұзақтықты есептеп шығару үшін қолданылады. Бұл жағдайда параметрлік теңдеу дегеніміз максималды температура 995°C және максималды температураның ұзақтығы 24 минутқа тең деп алынады. Отқа төзімділіктің нақты екі сынағының өлшелген мәндерімен салыстырғандағы есептелген сипаттама 5.3 Суретінде көрсетілген.

**5.6 Ортаның сыртқы температурасы**

5.6.1 Сыртқы конструктивті элементтер өрт кезінде немесе ғымараттағы ойықтар арқылы жіберілетін жылу арқылы оттың әсерінің астында қалуы мүмкін. 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН–нің В Қосымшасы сыртқы конструкцияларға жылу әсерін анықтау үшін есептік әдісті қамтамасыз етеді.

5.6.2 Әдіс секциядағы максималды температураны есептеп шығаруды, ойықтардан шығатын от жалынының өлшемі мен температурасын есептеп шығаруды, жылу өткізгіштік және конвекция көрсеткіштерін өлшеп шығаруды ескереді.

**5.7 Өрттің жалпы моделдері**

Кейібір анықталған жағдайларда өрттің норминалды әсері немесе есептеп шығарудың қарапайым әдістерінен қараған күрделі жолмен жүру қажет болады. Жалпы әдістер, оның ішінде масса мен энергияны сақтау теңдеулерін шешуге негізделген зоналды моделдер немесе есептеуші гидродинамиканың күрделірек моделдері бақыланатын зона аясындағы әр түрлі нүктелердегі термодинамикалық және аэродинамикалық өзгерістердің болуына негізделген ақпаратты беруге қолданылады. Осы сияқты моделдер көптеген жылдар бойы түтін және уландырушы газдың қозғалысын анықтау үшін сәтті қолданылып келді, қазіргі кезде көлемді жалындау фазасынан кейінгі өрттің сценарийлері үшін температуралық ортаны анықтауы үшін кеңейтіліп жатыр. Ғимараттың инженерлік өртке қарсы жобасына жауапты инженер–құрылысшыларға мұндай күрделі моделдер жалпыға бірдей қол жетімді емес, және жалпы алғанда осы

моделдерді ғылыми–зерттеу институттары немесе кеңесі–мамандар өртке қарсы жобалауы үшін қолдануы тиіс.

## 6 ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ТЕМПЕРАТУРАЛАРЫ

### 6.1 Жалпы ережелер

Өткен тақырыпта қарастырылған өрт секциясы аясындағы орта температурасын есептеп шығару рационалды инженерлік өртке қарсы жобалау үрдісіндегі бірінші қадамы болып табылады. Келесі қадам – есептеп шығару ақылы немесе басылған мәліметтерге деген сілтеме арқылы құрылыс элементтерін аясында температураның бөлінуін анықтау.

### 6.2 Болат конструкцияның қима коэффициенттері

Болат элементтің жылу қасиетін өлшеуге ықшамды көрсеткіш қима коэффициенті  $A/V$  болып табылады. Болат арқылықта немесе колоннада температура жоғарлайтын кезіндегі теңдеу негізінен өрттің әсерінің астындағы болаттың бетінің ауданына ( $A$ ) тура пропорционалды, және қиманың массасына немесе көлеміне ( $V$ ) кері пропорционал. Қима коэффициенті төмен элемент өрт кезінде қима коэффициенті жоғары болатын элементтен қарағанда жай қызады.

Әр түрлі қорғалмаған қималарға арналған қима коэффициентін есептеу 6.1 Суретінде көрсетілген.

### 6.3 Қорғалмаған болат бұйымдар

1993-1-2 ҚР ҚН EN–де қорғалмаған болат элементтердің жылу қасиеттерін есептеп шығаруға қарапайым есептік әдісті қабылдаған. Бұл әдісті басқа металлдарға қолдануға болады, оның ішінде қақталған темір, шойын, алюминий ертінділері және тот баспайтын болат.

Көлденең қимада эквивалентті тегіс температуралы бөліну болатындығын алып уақыт интервалы  $\Delta t$  кезіндегі қорғалмаған болат элементтегі температураның өсуі  $\Delta\theta_{a,t}[K]$  келесі формуламен анықталады:

$$\Delta\theta_{a,t} = k_{sh} \cdot \frac{A_m/V}{c_a \cdot \rho_a} \cdot \dot{h}_{net,d} \cdot \Delta t, \quad \Delta t \leq 5c \text{ үшін} \quad (6.1)$$

мұндағы:  $\rho_a$  - болат тығыздығы ( $kg/m^3$ );

$A_m$  - элементтің бірлік ұзындыққа келетін бетінің ауданы ( $m^2$ );

$A_m/V$  - қорғалмаған болат элементтерге арналған қима коэффициенті ( $m^{-1}$ );

$c_a$  - болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығы ( $DJ/kg \cdot K$ );







$\dot{h}_{net,d}$  - бірлік ауданға келетін нәтижелеуші жылу ағыны ( $W/m^2$ );

$k_{sh}$  - көлеңкелеу эффектісіне арналған түзету коэффициенті (эффект аз болса  $k_{sh} = 1.0$ );

$\Delta t$  - уақыт интервалы (с);

$V$  - бірлік ұзындыққа келетін элементтің көлемі ( $m^3$ ).



Түрі	Сипаттама	Қима коэффициенті $A_m/V$
	Барлық жағынан от әсер еткендегі ашық қима	$\frac{A_m}{V} = \frac{\text{периметр}}{\text{көлденең қима ауданы}}$
	Үш жағынан от әсер еткендегі ашық қима	$\frac{A_m}{V} = \frac{\text{өрт әсер еткен бет}}{\text{көлденең қима ауданы}}$
	Үш жағынан әсер еткендегі екітаврлық профилдің полкасы	$\frac{A_m}{V} = \frac{b+2 \cdot t_f}{b t_f}$ немесе $\frac{A_m}{V} \approx \frac{1}{t_f}$ , $t_f \ll b$ үшін
	Барлық жағынан от әсер еткендегі бұрыш	$\frac{A_m}{V} = \frac{2}{t}$
	Барлық жағынан от әсер еткендегі құбыр	$\frac{A_m}{V} = \frac{1}{t}$
	Барлық жағынан от әсер еткендегі толық профил немесе пісіргендегі қорап тәрізді қима	$\frac{A_m}{V} = \frac{2 \cdot (b + h)}{\text{көлденең қима ауданы}}$ немесе $\frac{A_m}{V} = \frac{1}{t}$ , $t \ll b$ үшін

### 6.1 Сурет – Қорғалмаған болат элементтеріне арналған қима коэффициенті

Тік бұрышты немесе дөңгелек қуыс профильдер сияқты дөңес формалы көлденең қималар үшін өрт әсері кезінде көлеңкелеу эффектісі рөл атқармайды, және оның мәні  $k_{sh} = 1,0$  тең болады. Басқаша айтқанда, көлеңкелеу эффектісіне арналған түзету коэффициенті  $k_{sh}$  келесідей анықталады:

$$k_{sh} = \begin{cases} 0,9 \cdot [A_m/V]_b & \text{өрттің норминалды әсері кезіндегі екітаңбалы қима үшін} \\ \frac{A_m/V}{[A_m/V]_b} & \text{басқа жағдайлар үшін} \end{cases}$$

мұндағы

$A_m/V \geq 10 \text{ м}^{-1}$  и  $[A_m/V]_b$  қима коэффициентінің шекті мәндері.

## 6.4 Өртке қарсы қорғаныспен оңашаланған болат конструкциялар

Реактивті емес от қорғаныс материалдармен оңашаланған болат элементтеріне арналған қарапайым есептеу әдісі 1993-1-2 ҚР ҚН ЕН–де көрсетілген. Оңашалаушы материалдар профилденген немесе қорапты қаптама формасы ретінде бола алады, бірақ оның құрамына көбіктенетін жабын кірмейді. Уақытша интервал уақыты үшін  $\Delta t (\leq 30 \text{ с})$  оқшауланған болат элементтің температурасының өсуі  $\Delta \theta_{a,t}$  температураның біркелкі бөлінуін қабылдай отырып келесі формуламен анықталады:

$$\Delta \theta_{a,t} = \frac{\lambda_p \cdot A_p / V}{d_p \cdot c_a \cdot \rho_a} \cdot \frac{(\theta_{g,t} - \theta_{a,t})}{(1 + \phi/3)} \cdot \Delta t \cdot (e^{\phi/10} - 1) \cdot \Delta \theta_{g,t} \text{ бірақ } \Delta \theta_{a,t} \geq 0 \text{ болады, егер} \quad (6.2)$$

$$\Delta \theta_{g,t} > 0 \text{ болса}$$

мұндағы

$$\phi = \frac{c_p \cdot \rho_p}{c_a \cdot \rho_a} \cdot d_p \cdot A_p / V$$

Түрі	Сипаттама	Қима коэффициенті $A_p/V$
	Біркелкі жуандық контурын қаптау	$\frac{A_p}{V} = \frac{\text{болат периметрі}}{\text{болаттың көлденеі қима ауданы}}$
	Үш жағынан өрт әсер еткендегі біркелкі жуандық контурын қаптау	$\frac{A_p}{V} = \frac{\text{болат периметрі} - b}{\text{болаттың көлденең қима ауданы}}$
	Біркелкі жуандық контурын толық қаптау ( $c_1$ және $c_2 < \frac{h}{4}$ жіберіледі)	$\frac{A_p}{V} = \frac{2 \cdot (b + h)}{\text{болаттың көлденең қима ауданы}}$
	Барлық жағынан өрт әсер еткендегі біркелкі жуандық контурын толық қаптау ( $c_1$ және $c_2 < \frac{h}{4}$ жіберіледі)	$\frac{A_p}{V} = \frac{2 \cdot h + b}{\text{болаттың көлденең қима ауданы}}$

6.2 Сурет – Оқшауланған болат элементтерге арналған қима коэффициенті

мұндағы  $\lambda_p$  - Оттаң қорғаушы материалдың жылу өткізгіштігі (Вт/м · К);

$\theta_{a,t}$  -  $t$  уақыты кезіндегі болаттың температурасы (°С);


$\theta_{g,t}$  -  $t$  уақыты кезіндегі қоршаған ортаның температурасы (°С);

$\Delta \theta_{g,t}$  -  $\Delta t$  уақыт интервалына қоршаған орта температурасының өсуі (К);

$\rho_a$  - болат тығыздығы (кг/м<sup>2</sup>);

- $\rho_p$  - оттан қорғаушы материалдың тығыздығы (кг/м<sup>3</sup>);  
 $A_p/V$  - оттан қорғаушы материалмен оқшауланған болат элементтеріне арналған қима коэффициенті (м<sup>-1</sup>);  
 $A_p$  - бірлік ұзындыққа келетін оттан қорғаушы материалдың бөлігі (м<sup>2</sup>);  
 $c_a$  - температураға тәуелді болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығы (Дж/кг · К);  
 $c_p$  - оттан қорғаушы материалдың температураға тәуелсіз салыстырмалы жылу сиымдылығы (Дж/кг · К);  
 $d_p$  - оттан қорғаушы материалдың жуандығы (м);  
 $\Delta t$  - уақытша интервал (с);  
 $V$  - бірлік ұзындыққа келетін болат элементтің көлемі (м<sup>3</sup>).

6.2 Суреті оқшауланған болат элементтерге арналған қима коэффициенттерінің  $A_p/V$  кейбір есептік мәндерін көрсетеді. Оттан қорғаушы материалдың  $A_p$  ауданы, жалпылай алғанда оның ішкі бетінің ауданы ретін алынғандығын белгілеп кеткен жөн. Болат элементтер айналасында тесігі бар қуыстарды қаптауы үшін  $A_p$  мәні тесігі жоқ қуыс қаптама ретін алынған.



**6.3 Сурет – Қорғау материалдары үшін температура өсуінің уақытша тоқтауын бағалау**

Болаттың температурасы өсуіндегі уақытша тоқтауды  $t_d$  ескеруі үшін шикі оттан қорғаушы материалдар үшін болаттың температурасының өсуін  $\Delta\theta_a$  түзетуге болады, бұл жағдай болаттың температурасы 6.3 Суретті көрсетілгендей 100°C болғанда орындалады.

## 7 СТАТИСТИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕР

### 7.1 Жалпы ережелер

Өрт кезінде конструкция элементінің қылығын тура бағалау, температура өсуі кезінде материал қасиеттері төмендеуі туралы және өрт кезінде конструкцияға әсер ететін жүктемені тура бағалау туралы білімді талап етеді. Өрт кезінде жүктеменер елеулі түрде әсер етеді, бұл жүктеменің нақты дәрежелеріндегі талаптарда көрсетілген, ол бойынша жүктеменер стандартты сынақтар кезінде отқа төзімділікке әсер етуі тиіс. ҚР ҚН EN – н

құрамында болат және болаттемірбетон конструкцияларға байланысты ғана әсерлер ғана емес, сонымен қатар темірбетон элементтері үшін әсерлер бар.

## 7.2 Жүктемелердің сенімділік коэффициенттері

Жүктемелердің қажетті комбинацияларын қамтамасыз ететін (қалыпты есептік температура үшін) 1990 ҚР ҚН ЕН – мен (Жобалау негіздері) және температураны есептеу кезіндегі жылу әсерлерінің қол жетімді көрсеткіштерін анықтаумен қатар (3 Тақырыпты қараңыз) құрылыс конструкцияларын есептеу кезіндегі механикалық әсерлерді қарастыратын 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН – мен (өртке қарсы бөлім) жобалаушы таныс болуы тиіс. Жалпы алғанда 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН өрт кезіндегі шекті жағдайдағы уақытша жүктеменің сенімділік коэффициентін анықтайды (бас ауыспалы әсерді қолдана отырып). Оттың әсері – Салмақ көтеру қабілеттілігі бойынша бірінші шекті жағдайдың апаттық есептік жағдайы (1990 ҚР ҚН ЕН – ді қараңыз), келесі формадағы:

$$E_d = E \cdot (G_{k,j}; P; A_d \cdot (\Psi_{1,1} \text{ или } \Psi_{2,1}) \cdot Q_{k,1}; \Psi_{2,i} Q_{k,i}), j \geq 1; i > 1 \text{ үшін} \quad (7.1)$$

мұндағы

- E - әсердің эффекті ( $E_d$  – әсер эффектісінің есептік мәні);
- G - тұрақты әсер (тұрақты жүктеме);
- P - алдын ала күшейтуге сәйкес келетін нормативті мән (қажет болған жағдайда);
- $A_d$ - ерекше (апаттық) әсердің есептік мәні;
- $\Psi_1$ - ауыспалы әсер мәнінің коэффициенті;
- $\Psi_2$ - ауыспалы әсердің квазитұрақты мәнінің коэффициенті;
- $Q_k$ - бір ауыспалы әсердің нормативті мәні ( $Q_{k,1}$  – бас ауыспалы әсердің нормативті мәні – көп жағдайларда бұл уақытша жүктеме).

Өрт кезіндегі жағдайда  $A_d$  – өрттің тура конструкцияға әсер етуі (жылулық кеңею, температураның қайта бөлінуі және т.б. болатын жүктеме) 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН – ң талабы: «Шектес элементтердің тура әсерін, бұл элементтерге деген өртке қарсы қауіпсіздік талаптары өрттің стандартты шарттарына жатқызылғанда қарастырудың қажеті жоқ».


### 7.1 Кесте – $\psi_{fi}$ мәндері

Әсер ету	$\Psi_1$	$\Psi_2$
Ғимарттардың уақытша жүктемелер:		
Категория А: ішкі, тұрғын үй	0,5	0,3
Категория В: кеңселер	0,5	0,3
Категория С: конгрегация бөлімдері	0,7	0,6
Категория D: сауда аудандары	0,7	0,6
Категория Е: қоймалар	0,9	0,8
Категория F: жүргінші бөлігі < 30 кН	0,7	0,6
Категория G: жүргінші бөлігі 30 – 160 кН	0,5	0,3
Категория Н: шатырлар	0	0
Қар жүктемесі: $H < 1000 \text{ м. а. с. л.}$	-	0
Ғимартақа желдің келтіретін жүктемесі	0,2	0

Бұдан басқа, «Өрттің әсері нәтижесінде болатын температураның өзгерісінен туындайтын уақытша және жектеулі кеңейтулер мен деформациялар, мысалы айтқанда күштер мен моменттерді келесібірден басқа кездерде ғана қарастыру қажет::

- маңызды емес немесе жағымды деп анықталған априори болғанда;
- тірелудің консервативті түрде таңдалып алынған моделдері мен шектік шарттармен ескерілген және/немесе өртке қарсы қауыпсіздіктің консервативті талаптарымен нақты емес қарастырылған».

1990 ҚР ҚН ЕН негізгі ауыспалы әсерлерді (жалпы алғанда уақытша жүктеме)  $\Psi_1$  немесе  $\Psi_2$  қатар қолдануға рұқсат береді. 1991-1-2 ҚР ҚН ЕН  $\Psi_2$  – ді қолдануды ұсынады;  $\Psi_1$  – ді қолданудың деректері 7.1. Кестесінде көрсетілген.



**7.1 Сурет – Төмендетуші коэффициент  $\eta_{fi}$  және  $\Psi_{fi}$  мәнінен арналған тұрақты және уақытша жүктемелер арасындағы қарым қатынас**

### 7.3 Жүктемелердің есептік мәндері

#### 7.3.1 Жалпы ережелер

Өрт кезіндегі шекті жағдайларға арналған кішірейтілген сенімділік коэффициенттері ұғымы есептік мысалды қолдана отырып түсіндірілген. 6 м × 9 м алаңында қойылған жүктемеге деген қарсылытағы алты қабатты қатты каркастағы колоннаның есебі үшін есептеп шығару. Өрт кезіндегі шекті жағдайда колоннандағы есептік бойлық күшті есептеп шығару сенімділіктің сәйкес коэффициенттерін қолдана отырып жүргізіледі.

#### 7.3.2 Жүктеме

Тұрақты әсерлер (G):

- Жалпы аудан бойынша  $G_k = 2,00 \text{ кН/м}^2$  тегіс бөлінген жүктеме (РРН)

Ауыспалы әсерлер (Q):

- Жалпы аудан бойынша  $Q_k = 3,50 \text{ кН/м}^2$  тегіс бөлінге жүктеме (РРН)

### 7.3.3 Қалыпты температура кезіндегі есептік жүктемелер

Жүктемедең коэффициенттері:

- Тұрақты әсерлерге арналған жүктемелер коэффициенті  $\gamma_G = 1,35$  (1990 ҚР ҚН EN а А1.2В Кестесі және НП);

- Ауыспалы әсерлерге арналған жүктемелер коэффициенті  $\gamma_Q = 1,50$  (1990 ҚР ҚН EN а А1.2В Кестесі және НП).

Жүктемелердің есептік мәндері – салмақ көтеру қабілеттілігін жоғалту бойынша шектік жағдай:

$$\text{Еденнің РРН } W = (\gamma_G \cdot G_k) + (\gamma_Q \cdot Q_k) = 7,95 \text{ кН/м}^2$$

$$\text{Есептік ось күші } N_{Ed} = 6\text{м} \times 9\text{м} \cdot W \cdot 5 = 2146,50 \text{ кН}$$

### 7.3.4 Өрт кезіндегі шекті жағдайдың есептік жүктемелері

Өрт кезіндегі шекті жағдай үшін алынатын жүктеме коэффициенттері  $\gamma_i$  тұрақты немесе ауыспалы әсерлерге қолданылмайды.

Ауыспалы әсерге арналған комбинация коэффициенті  $\Psi_1 = 0,50$ . Бұл – 7.1 Кестесінен алынған кеңселерге арналған мәндер.

ЕСКЕРТПЕ 1990 EN басты ауыспалы әсермен  $\Psi_1$  немесе  $\Psi_2$  қолдануға рұқсат береді.

### 7.3.5 Әсер етудің есептік мәндері – салмақ көтеру қабілеттілігі бойынша бірінші шекті жағдайға арналған құрылыстық өртке қарсы жобалауға байланысты жағдай

$$\text{Еден РРН } W = G_k + (\Psi_1 \cdot Q_k) = 3,75 \text{ кН/м}^2$$

$$\text{Есептік ось күші } N_{Ed} = 6\text{м} \times 9\text{м} \cdot W \cdot 5 = 1012,50 \text{ кН}$$

### 7.4 Жүктеме дәрежесін, интенсивтілігін және қолдану коэффициентін анықтау

Өрт кезіндегі шекті жағдайда элементтің салмақ көтеру қабілеттілігі өрт кезінде түскен жүктеме көлемі бойынша қалыпты температура кезіндегі салмақ көтеру қабілеттілігімен салыстыра отырып бағаланады. Жүктеме қарым – қатынасы ұғымы кестеге жинақталған мәліметтерге байланысты өте пайдалы болып табылады, себебі ол болуы мүмкін қолданыстың кең диапазонын қамтитын типті шешімдерді ескереді.

ҚР ҚН EN – ге сәйкес келетін барлық өртке қарсы бөлімдер бойынша өрт кезіндегі шекті жағдайда төмендетуші коэффициенті ұғымы қолданылады, мұндағы 1990 ҚР ҚН EN – дегі жүктеме комбинациясы үшін төмендетуші коэффициенті  $\eta_{fi} = (G_k + \Psi_{fi} \cdot Q_{k1}) / (\gamma_G \cdot G_k + \gamma_{Q,1} \cdot Q_{k,1})$  (6.10).

#### 7.4.1 Жүктеме дәрежесі (n)

Бұл термин темірбетон колонналардың өртке төзімділігін анықтау үшін қолданылады және қалыпты температурадағы салмақ көтеруші қабілеттілік пен өрт кезіндегі салмақ көтеру қабілеттілігін байланыстырады.

$$n = N_{0Ed,fi} / [0.7 \cdot (A_c \cdot f_{cd} + A_s \cdot f_{yd})] \quad (7.2)$$

мұндағы  $N_{0Ed,fi}$  - өрт шарттары кезіндегі остік жүктеме (кН);

$A_c$  - темірбетон ауданы ( $\text{мм}^2$ );

$f_{c,d}$  - сығу кезіндегі темірбетон мықтылығының есептік шегі ( $\text{Н/мм}^2$ );

$f_{y,d}$  - болат ауданы ( $\text{мм}^2$ );

$A_s$  - болат мықтылығының есептік шегі ( $\text{Н/мм}^2$ ).

Өрт кезінде болған жүктеме өрт кезіндегі шекті жағдайдағы жүктеме бойынша таңдалып алынған сенімділік коэффициентіне байланысты болады. Рұқсат етілген мәндер 1990 ҚР ҚН EN – де көрсетілген, және ондағы таңдау 1991 ҚР ҚН EN –бөлімінің Ұлттың Қосымшасынан алынған. Ең көп таралған жағдайлар (тұрғын үшін және кеңселер) үшін қойылған жүктемеге арналған коэффициенттің мәні 0,5 болады, яғни қалыпты температурады  $0,5 \times$  мәні болады. Консервативті болжау ретінде, нақты есептелмеген жағдайда, жүктеменің дәрежесін есептеп шығару үшін  $N_{0Ed,fi}$  шамасын  $N_{0Ed,fi}$  ( $\eta_{fi} = 0,7$ ) ретінде алуға болады.

#### 7.4.2 Қолдану коэффициенті ( $\mu_{fi}$ )

Бұл – өрт кезіндегі шекті жағдайда болған жүктеменің қалыпты температура кезінде болатын жүктемеге деген қатынасы, және өрт кезіндегі шекті жағдай үшін сенімділік коэффициентін таңдауымен қабылданған. Колонналар мен көтеруші қабырғаларды есептеу кезінде қолданылды:

$$\mu_{fi} = \frac{N_{Ed,fi}}{N_{Rd}} \quad (7.3)$$

мұндағы  $N_{Ed,fi}$  – өрт кезіндегі жағдайдағы есептік осьтік жүктеме (кН), және  $N_{Rd}$  – қалыпты температуралық жағдайдағы колоннаның есептік салмақ көтеру қабілеттілігі (кН).

Консервативті болжам ретінде есептік жүктеменің дәрежесін анықтау үшін  $\eta_{fi}$  төмендетуші коэффициентін  $\mu_{fi}$  – ң орнына қолдануға болады, себебі  $\eta_{fi}$  қалыпты температуралық жағдайларда элемент толығымен жүктелген деп болжалады.

## **8 МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖЫЛУ ЖӘНЕ МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ**

### **8.1 Жалпы ережелер**

1993-1-2 ҚР ҚН EN ыстыктегістелген көміртекті болат, тот баспайтын болат, жұқа қабырғалы болат, бұрандалар мен пісірілген тігіс материалдарының қасиеттері туралы көрініс береді.

### **8.2 Болат**

#### **8.2.1 Жалпы ережелер**

8.2.1.1 Ыстыктегістелген көміртекті болат 300°C жоғары температура кезінде мықтылығынан айырла бастайды. Одан әрі 800°C – ге дейін мықтылығынан айырла береді. Осы температурадан кейін аздап қалған мықтылық баяу азаяды, бұл болаттың балқу температурасына 1500°C жеткенге дейін жалғасады. Бұл жосық ыстыктегістелген арматуралық болаттарға тән. Суыктегістелген болаттар үшін, оның ішінде арматура бар, 300°C температурадан кейін мықтылық тез төмендейді. Мықтылық пен қаттылық төмендеуімен қатар болат 450°C – дан жоғары температураларда еңбектеу құбылысына душар болады.

8.2.1.2 Жоғарғытемпературалық еңбектеу кернеу дәрежесі және қыздыру дәрежесіне тәуелді. Еңбектеу құбылысының пайда болуы өрт жағдайларында болат конструкциялардың мықтылығы мен деформациясын бағалау кезінде кернеу мен температураның алдындағы жағдай ескерілуі қажет екендігін көрсетеді. Есепке нақты еңбектеу құбылысын аналитикалық әдістер аясында қосу өте қиын болып келеді. ҚР ҚН EN – де көрсетілген қарапайым есептік әдістемелер үшін температураның өзгерісі кезіндегі кернеу – ұзару тәуелділіктерінде нақты қарастырылмайтындығы мойындалған.

8.2.1.3 Әр түрлі типті болаттардың жылу және механикалық қасиеттері жоғарғы температуралық жағдайларда қарастырылуы тиіс. Олардың құрамына кіреді:

- Ыстыктегістерген көміртекті болат
- Тот баспайтын болат
- Жұқа қабырғалы болат.

#### **8.2.2 Ыстыктегістелген көміртекті болат**

##### **8.2.2.1 Жалпы ережелер**

1993-1-2 ҚР ҚН EN – де 10025 EN – ге сәйкес S235, S275 және S355 классты ыстыктегістелген болаттарға арналған материалдардың қасиеттері келтірілген.

ЕСКЕРТПЕ 10025 EN – ге сәйкес клетін отандық болат маркаларын қолдануға рұқсат берілген (осы құралдың Б Қосымшасын қараңыз) .



### 8.2.2.2 Жылу қасиеттері

Болаттың жылулық кеңею, жылу өткізгіштік және салыстырмалы жылу сиымдылық қасиеттері болаттың температурасына байланысты.

а) болаттың жылулық кеңею коэффициентін  $\Delta l/l$  келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$\frac{\Delta l}{l} = 1,2 \times 10^{-5} \cdot \theta_a + 0,4 \times 10^{-8} \cdot \theta_a^2 - 2,416 \times 10^{-4} \text{ если } 20^\circ\text{C} \leq \theta_a < 750^\circ\text{C} \quad (8.1a)$$

$$\Delta l/l = 1,1 \times 10^{-2}, \text{ егер } 750^\circ\text{C} \leq \theta_a < 860^\circ\text{C} \text{ болсы} \quad (8.1b)$$


$$\Delta l/l = 2 \times 10^{-5} \cdot \theta_a - 6,2 \times 10^{-3}, \text{ егер } 860^\circ\text{C} \leq \theta_a < 1200^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.1c)$$

мұндағы  $l$  -  $20^\circ\text{C}$  кезіндегі ұзындық;

$\Delta l$  - болған температуралық ұзару;

$\theta_a$  - болаттың температурасы ( $^\circ\text{C}$ ).

Температураға тәуелді температуралық ұзарудың өзгеруі 8.1 Суретте көрсетілген;



**8.1 Сурет – Көміртекті болаттың жылулық ұзару температураның функциясы ретінде**

б) болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығын  $c_a$  (в Дж/кг · К) келесі формула бойынша анықтауға болады:


$$c_a = 425 + 7,73 \times 10^{-1} \cdot \theta_a - 1,69 \times 10^{-3} \cdot \theta_a^2 + 2,22 \times 10^{-6} \cdot \theta_a^3, \text{ егер } 20^\circ\text{C} \leq \theta_a < 600^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.2a)$$

$$c_a = 666 + 13002/(738 - \theta_a), \text{ егер } 600^\circ\text{C} \leq \theta_a < 735^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.2b)$$

$$c_a = 545 + 17820/(\theta_a - 731), \text{ егер } 735^\circ\text{C} \leq \theta_a < 900^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.2c)$$

$$c_a = 650, \text{ егер } 900^\circ\text{C} \leq \theta_a < 1200^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.2d)$$

Температураға тәуелді салыстырмалы жылу сиымдылықтың өзгерісі 8.2 Суретінде көрсетілген;




**8.2 Сурет – Көміртектегі болаттың салыстырмалы жылу көлемі температураның функциясы ретінде**

в) болаттың жылу өткізгіштігін  $\lambda_a$  (Вт/мК) келесідей анықтауға болады:

$$\lambda_a = 54 - 3.33 \times 10^{-2} \cdot \theta_a, \text{ егер } 20^\circ\text{C} \leq \theta_a < 800^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.3a)$$

$$\lambda_a = 27,3, \text{ егер } 800^\circ\text{C} \leq \theta_a < 1200^\circ\text{C} \text{ болса} \quad (8.3b)$$

Температураға тәуелді жылу өткізгіштіктің өзгерісі 8.3 Суретінде көрсетілген.



**8.3 Сурет – Көміртектегі болаттың жылу өткізгіштігі температураның функциясы ретінде**


### 8.2.2.3 Механикалық қасиеттер

Кернеу диаграммасы – жоғарғы температуралар кезінде көміртектегі болаттың ұзаруы ағудың нақты ауданын созылымдылықтың барлық диапазонында деформациялық катаюды көрсетпейді. Отқа төзімділіктің стандартты сынақтарында аркалықтар мен колонналардың тәртібін елестету үшін қыздыру көрсеткіштерін 5-20°C/мин диапазонында белгіледі

Сынақ нәтижелері бойынша көміртекті болат өзінің мықтылығын 300°C – тан жоғары температурада жоғалта бастайтындығы және мықтылығын 800°C температураға дейін тез жоғалтатындығы анықталды. 20°C – дағы аққыштықтың нақты алаңы жоғарғы температурада кернеу көбейген сайын біртіндеп мықтылықтың көбеюімен (немесе механикалық қатаю) алмасады. 1993-1-2 ҚР ҚН ЕН 8.1 Кестесінде келтірілген аққыштықтың есептік шегіне, иілгіштік шегіне және сызықтық–иілгіштік диапазонға арналған төмендетуші коэффициенттерді көрсеткен. Аққыштықтың есептік шегі кернеудің 2%-дық шегімен байланысты. Температураға байланысты төмендетуші коэффициенттердің өзгерісі 8.4 Суретінде келтірілген.


**8.1 Кесте – Жоғарғы температуралар кезіндегі кернеу – ұзындық тәуелділігіне арналған төмендетуші коэффициентер**

Болаттың температурасы $\theta_a$ (°C)	Аққыштықтың есептік шегіне арналған төмендетуші коэффициент $k_{y,\theta} = f_{y,\theta}/f_y$	Иілгіштіктің шегіне арналған төмендетуші коэффициент $k_{p,\theta} = f_{p,\theta}/f_y$	Иілгіштік модуліне арналған төмендетуші коэффициент $k_{E,\theta} = E_{a,\theta}/E_a$
20	1,000	1,000	1,000
100	1,000	1,000	1,000
200	1,000	0,807	0,900
300	1,000	0,613	0,800
400	1,000	0,420	0,700
500	0,780	0,360	0,600
600	0,470	0,180	0,310
700	0,230	0,075	0,130
800	0,110	0,050	0,090
900	0,060	0,0375	0,0675
1000	0,040	0,0250	0,0450
1100	0,020	0,0125	0,0225
1200	0,000	0,0000	0,0000



#### 8.4 Сурет – Жоғарғы температуралар кезіндегі көміртекті болаттың кернеу – ұзындық тәуелділігіне арналған төмендетуші коэффициенттер

Аққыштықтың есептік шегін, иілгіштік шегін және сызықтық–иілгіштік диапазонын анықтау 1993-1-2 ҚР ҚН EN – де берілген жоғары температуралар кезіндегі болатқа арналған кернеу – ұзару моделі негізінде белгіленген. 8.5 Суреті қисықтың бірінші бөлігі – иілгіштіктің шегіне  $f_{p,\theta}$  дейін жүретін түзу сызық екендігін, және  $E_{a,\theta}$  иілгіштік модульі осы түзусызықты сегменттің иілу бұрышына тең екендігін көрсетеді. Қисықтың екінші бөлігі иілгіш кезеңнен созымдылық кезеңіне өтуін көрсетеді. Бұл бөлік аққыштықтың есептік шегіне  $f_{y,\theta}$  дейін эллиптикалық аппроксимациямен анықталған. Қисықтың үшінші бөлігі – аққыштықтың шектік деформацияға дейінгі жазық ауданы. Қисықтың соңғы бөлігі – шектік деформация кезінде нөлдік кернеуге түсетін түзу сызық.



#### 8.5 Суреті – Жоғарғы температуралар кезіндегі көміртекті болатқа арналған кернеу – ұзындық тәуелділігін математикалық формулировкалары

Жоғарғы температуралар кезіндегі төмендетуші коэффициенттерді салыстыра отырып (8.1 Сурет) болаттың қаттылығы оның мықтылығынан қарағанда тез азаятынын байқауға болады. Бұл дегеніміз болат элементтердің тоқтап қалу түрлері жоғары температуралар кезінде өзгереде дегенді көрсетеді. Мысалы, қалыпты температура кезіндегі критикалық жүктеме астындағы пластикалық шарнирдің пайда болу кезеңінде

тоқтап қалуы үшін жобаланған және жұқа екітаврлі профилден тұратын болат арқалық жоғары температуралар кезінде қабырғасы алдын ала тұрақтылығын жоғалтқаннан болып тоқтап қалуы мүмкін.

1993-1-2 ҚР ҚН ЕН 8.6 Суретінде көрсетілгендей жоғарғы температуралар кезіндегі болаттың кернеу – ұзындық тәуелділігіне арналған тәптіштелген математикалық аппроксимацияны көрсетеді. Еңбекту эффектісі қыздыру кезінді қолданылатын материалдардың моделдері негізінде нақты емес 2 және 50 К/мин аралығында қарастырылады.

**Кесте 8.2 – Кернеудің тәуелділігімен математикалық тұжырымдама - жоғары температурадағы көміртекті болаттар үшін ұзаруы**

Деформацияның шашылуы	Кернеулер $\sigma_a(\theta_a)$	Жанама модуль
$\varepsilon \leq \varepsilon_{p,\theta}$	$\varepsilon \cdot E_{a,\theta}$	$E_{a,\theta}$
$\varepsilon_{p,\theta} < \varepsilon < \varepsilon_{y,\theta}$	$f_{p,\theta} - c + \frac{b}{a} \cdot \sqrt{a^2 - (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon)^2}$	$\frac{b \cdot (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon)}{a \cdot \sqrt{a^2 - (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon)^2}}$
$\varepsilon_{y,\theta} \leq \varepsilon \leq \varepsilon_{t,\theta}$	$f_{y,\theta}$	0
$\varepsilon_{t,\theta} < \varepsilon < \varepsilon_{u,\theta}$	$f_{y,\theta} \cdot [1 - (\varepsilon - \varepsilon_{t,\theta}) / (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon_{t,\theta})]$	—
$\varepsilon = \varepsilon_{u,\theta}$	0.00	—

ЕСКЕРТПЕ 1  $\varepsilon_{p,\theta}$  көрсеткіші келесі формуламен анықталады:

$$\varepsilon_{p,\theta} = f_{p,\theta} / E_{a,\theta} \cdot \varepsilon_{y,\theta} = 0.02 \cdot \varepsilon_{t,\theta} = 0.15 \cdot \varepsilon_{u,\theta} = 0.20$$

ЕСКЕРТПЕ 2 а, b және c функциялар келесі формулалармен анықталады:

$$a^2 = (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon_{p,\theta}) \cdot (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon_{p,\theta} + c / E_{a,\theta})$$

$$b^2 = c \cdot (\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon_{p,\theta}) \cdot E_{a,\theta} + c^2$$

$$c = (f_{y,\theta} - f_{p,\theta})^2 / [(\varepsilon_{y,\theta} - \varepsilon_{p,\theta}) \cdot E_{a,\theta} - 2 \cdot (f_{y,\theta} - f_{p,\theta})]$$

ЕСКЕРТПЕ 3 8.2 Кестеде қолданылатын рәміздер:

$f_{y,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі аққыштықтың есептік шегі;

$f_{p,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі иілгіштік шегі;

$E_{a,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі иілгіштік модуль;


E - бөлме температурасы кезіндегі иілгіштік модуль;

$\varepsilon_{p,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі иілгіштік шегіндегі деформация;

$\varepsilon_{y,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі аққыштық шегіндегі деформация;

$\varepsilon_{t,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі аққыштық шегіндегі шектік деформация;

$\varepsilon_{u,\theta}$  - жоғарғы температуралар кезіндегі шектік деформация.



### 8.6 Суреті – Механикалық орнығуды ескеретін жоғарғы температуралар кезіндегі көміртекті болатқа арналған кернеу – ұзындық тәуелділігі

Егер жергілікті немесе ғаламдық тұрақтылық алдын ала тоқтап қалуға әселмесе (8.7 Суретті қараңыз),  $400^{\circ}\text{C}$  – тан төмен болат температуралар үшін механикалық ортықтылықты қамтуы үшін кернеу – ұзындық тәуелділігін бұдан әрі 1993-1-2 ҚР ҚН EN кеңейтеді. Бұл жағдайда 8.6 Суретінде келтірілген математикалық формулалар келесі түрде өзгертілуі тиіс:

- егер  $0,02 < \varepsilon < 0,04$  болса:

$$\sigma_a = 50 \cdot (f_{u,\theta} - f_{y,\theta}) \cdot \varepsilon + 2 \cdot f_{y,\theta} - f_{u,\theta}$$

- егер  $0,04 \leq \varepsilon \leq 0,15$  болса:

$$\sigma_a = f_{u,\theta}$$

- егер  $0,15 < \varepsilon < 0,20$  болса:

$$\sigma_a = f_{u,\theta} \cdot [1 - 20 \cdot (\varepsilon - 0,15)]$$

- егер  $\varepsilon \geq 0,20$  болса:

$$\sigma_a = 0,0$$

мұндағы  $f_{u,\theta}$  механикалық орнығуды ескергендегі жоғарғы температуралар кезіндегі мықтылық шегі.  $f_{u,\theta}$  механикалық орнығуды ескергендегі жоғарғы температуралар кезіндегі мықтылық шегі келесідей анықталады:

Егер  $\theta_a < 300^{\circ}\text{C}$  болса:

$$f_{u,\theta} = 1,25 \cdot f_{y,\theta}$$


Егер  $300^{\circ}\text{C} \leq \theta_a < 400^{\circ}\text{C}$  болса:

$$f_{u,\theta} = f_{y,\theta} \cdot (2 - 0,0025 \cdot \theta_a)$$

Егер  $\theta_a \geq 400^{\circ}\text{C}$  болса:

$$f_{u,\theta} = f_{y,\theta}$$

8.7 Суреті механикалық орнығуды ескергендегі жоғарғы температуралар кезіндегі S275 болатына арналған кернеу – ұзару тәуелділігін көрсетеді.



**8.7 Сурет – Механикалық орнығуды ескретін жоғарғы температуралар кезіндегі S275 болатқа арналған кернеу – ұзындық тәуелділігі**

### 8.2.3 Тот баспайтын болат

#### 8.2.3.1 Жалпы ережелер

Тот баспайтын болат коррозияға тұрақты және қызуға төзімді құрамында темір бар материалдардың кең диапазонын қамтиды, осындай материалдардың құрамында кем деген 10% хром, максимум көміртек – 1,2% және басқада қосындыланған элементтер кіреді. Тот баспайтын болаттың негізгі бес тобы бар, ол олардың металлургиялық құрамы бойынша жіктелген, атап айтқанда аутенитті, ферритті, мартенситті, дуплексті және дисперсті – қатаюшы топтар. Аустенитті және дуплексті тот баспайтын болаттар өздерінің жақсы пісірілу қасиеттеріне байланысты ғимарттар мен құрылыстар жобалауына кең түрде қолданылады.

1993-1-2 ҚР ҚН EN–ң С Қосымшасында 1.4301, 1.4401, 1.4571, 1.4003 және 1.4462 маркалы тот баспайтын болаттардың жоғарғы температуралар кезіндегі материалдарының қасиеттері берілген. Тот баспайтын болаттардың басқа маркаларына механикалық қасиеттерді ыстыктегістелген көміртекті болатқа ұқсастырып алуға болады деп болжалған, бірақ олардың жылулық көрсеткіштері тот баспайтын болаттағыдай қалады деп болжалған.

#### 8.2.3.2 Жылу қасиеттері

Тот баспайтын болаттың жылу қасиеттері көміртекті болаттың қасиеттерінен қатты өзгеше болып келеді. Негізгі ерекшеліктер келесідей:

- көміртекті болатпен салыстырғанда тот баспайтын болаттың жылулық кеңею дәрежесі 1200°C дейін салыстырмалы түрде тұрақты болып қала береді, себебі тот баспайтын болатта фазалық өзгеру құбылысы жүрілмейді.

- тот баспайтын болаттың жылулық кеңею шама мәні көміртекті болаттан көп.

- тот баспайтын болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығы көміртекті болатпен салыстырғанда жоғарғы температуралар кезінде көп өспейді, себебі 730°C температурада

көміртекті болаттағы феррит–перлит аустенитке химиялық түрде алмасуы кезінде оның салыстырмалы жылу сиымдылығы күрт жоғарлайды.

- қалыпты температура кезінде тот баспайтын болаттың жылу өткізгіштігі көміртекті болатпен салыстырғанда көп төмен болады. Бірақ, тот баспайтын болаттың жылу өткізгіштігі температура жоғарлаған сайын өседі және 1000°C жоғары температурада оның мәні көміртекті болаттың жылу өткізгіштігінен жоғары болады.

Аутенитті тот баспайтын болаттың жылулық ұзаруын  $\Delta l/l$  келесі формула бойынша анықтауға болады:


$$\Delta l/l = (16 + 4,76 \times 10^{-3} \cdot \theta_a - 1,243 \times 10^{-6} \cdot \theta_a^2) \cdot (\theta_a - 20) \cdot 10^{-6} \quad (8.4)$$

мұндағы  $l$  - қалыпты температура кезіндегі тот баспайтын болаттан жасалған элементтің ұзындығы;

$\Delta l$  - тот баспайтын болаттан жасалған элементтік температуралық ұзаруы;

$\theta_a$  - болаттың температурасы (°C).

Температураға байланысты жылулық ұзарудың өзгерісі 8.8 Суретінде көрсетілген.




**8.8 Сурет – Тот баспайтын болаттың жылулық ұзаруы температураның функциясы ретінде**

Тот баспайтын болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығын  $c_a$  (Дж/кгК) келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$c_a = 450 + 0,28 \cdot \theta_a - 2,91 \times 10^{-4} \cdot \theta_a^2 + 1,34 \times 10^{-7} \cdot \theta_a^3 \quad (8.5)$$

Температураға байланысты салыстырмалы жылу сиымдылығының өзгеруі 8.9 Суретінде берілген.






**8.9 Сурет – Тот баспайтын болаттың салыстырмалы жылу сиымдылығы температураның функциясы ретінде**

Тот баспайтын болаттың жылу өткізгіштігін  $\lambda_a$  (Вт/мК) келесідей анықтауға болады:

$$\lambda_a = 14,6 + 1,27 \times 10^{-2} \cdot \theta_a \quad (8.6)$$

Температураға байланысты жылу өткізгіштіктің өзгеруі 8.10 Суретінде көрсетілген.



**8.10 Сурет – Тот баспайтын болаттың жылу өткізгіштігі температураның функциясы ретінде**

### 8.2.3.3 Механикалық қасиеттер

Жоғарғы температуралар кезіндегі тот баспайтын болатқа арналған кернеу – ұзындық тәуелділігі 1993-1-2 ҚР ҚН EN–де берілген, және оны 2 және 50 К/мин аралығындағы қыздыру жылдамдығына қолданады. Толық математикалық формулалар 8.11 Суретінде келтірілген.

### 8.3 Сурет – Жоғарғы температуралар кезіндегі тот баспайтын болаттарға арналған кернеу – ұзындық тәуелділігі

Деформация шектері	Кернеу $\sigma$	Жана модуль $E_t$
$\varepsilon \leq \varepsilon_{c,\theta}$	$\frac{E\varepsilon}{1 + a \cdot \varepsilon^b}$	$\frac{E \cdot (1 + a \cdot \varepsilon^b - a \cdot b \cdot \varepsilon^b)}{(1 + a \cdot \varepsilon^b)^2}$
$\varepsilon_{c,\theta} < \varepsilon < \varepsilon_{u,\theta}$	$f_{0.2p,\theta} - e + \frac{d}{c} \sqrt{c^2 - (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon)^2}$	$\frac{d + (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon)}{c \cdot \sqrt{c^2 - (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon)^2}}$

ЕСКЕРТПЕ 1  $\varepsilon_{c,\theta}$  көрсеткіштер келесі формуламен анықталады:

$$\varepsilon_{c,\theta} = f_{0.2p,\theta} / E_{a,\theta} + 0.02$$

ЕСКЕРТПЕ 2 a, b және c функциялары келесі формулалармен анықталады:

$$a = \frac{E_{a,\theta} \cdot \varepsilon_{c,\theta} - f_{0.2p,\theta}}{f_{0.2p,\theta} \cdot \varepsilon_{c,\theta}^b} \quad b = \frac{(1 - \varepsilon_{c,\theta} \cdot E_{ct,\theta} / f_{0.2p,\theta}) \cdot E_{a,\theta} \cdot \varepsilon_{c,\theta}}{(E_{a,\theta} \cdot \varepsilon_{c,\theta} / f_{0.2p,\theta} - 1) \cdot f_{0.2p,\theta}}$$

$$c^2 = (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon_{c,\theta}) \cdot \left( \varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon_{c,\theta} + \frac{e}{E_{ct,\theta}} \right)$$

$$d^2 = e \cdot (\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon_{c,\theta}) \cdot E_{ct,\theta} + e^2$$

$$e = \frac{(f_{u,\theta} - f_{0.2p,\theta})^2}{(\varepsilon_{u,\theta} - \varepsilon_{c,\theta}) \cdot E_{ct,\theta} - 2 \cdot (f_{u,\theta} - f_{0.2p,\theta})}$$

ЕСКЕРТПЕ 3 8.3 кестесінде қолданылатын рәміздер:


$f_{0.2p,\theta}$  - мықтылық шегі;

$E_{a,\theta}$  - 0,2 % пластикалық деформация мықтылығының шартты шегі;

$E_{ct,\theta}$  - иілгіштік модулі;

$\varepsilon_{c,\theta}$  - аққыштықтың шартты шегінің иілуі;

$\varepsilon_{u,\theta}$  - аққыштықтың шарты шегіне сәйкес келетін толық деформация.



### 8.11 Сурет - Жоғарғы температуралар кезіндегі тот баспайтын болатқа ұзаруы-кернеудің тәуелділігі

1993-1-2 ҚР ҚН EN–ң С Қосымшасы төмендетуші коэффициенттерді 20°C–та сәйкес келетін мәндерге байланысты береді, ал жоғарғы температуралар кезіндегі бірнеше тот баспайтын болат маркаларының кернеу – ұзындық тәуелділігі үшін келесідей:

- 20°C кезіндегі иілгіштік модуліне байланысты иілгіштік модулі: Модуль  $k_{E,\theta} = E_{a,\theta}/E_a$

- 20°C кезіндегі аққыштық шегіне байланысты мықтылықтың шартты шегі:  $k_{p0.2,\theta} = f_{0.2p,\theta}/f_y$

- 20°C кезіндегі мықтылық шегіне байланысты мықтылық шегі:  $k_{u,\theta} = f_{u,\theta}/f_u$

Бұдан басқа, қарапайым есептеп шығару әдістерінде қолдану үшін аққыштық шегіне  $k_{2\%,\theta}$  арналған түзету коэффициенті Стандартта берілген. Қарапайым есептеп шығару әдістерінде қолданылатын аққыштықтың «тиімді» шегінің мәні мықтылықтың шартты шегі  $f_{0.2p,\theta}$  мен созылу мықтылығы шегі  $f_u$  мәндерінің арасында болуы тиіс деп болжалған:


$$f_{y,\theta} = f_{0.2p,\theta} + k_{2\%,\theta} \cdot (f_{u,\theta} - f_{0.2p,\theta}) \quad (8.7)$$

мұндағы тот баспайтын болаттың әр түрлі маркаларына арналған  $k_{2\%,\theta}$  0,19 пен 0,47 аралығында 1993-1-2 ҚР ҚН EN–ң С Қосымшасында берілген.

8.4 Кестесі және 8.12 Суреті тот баспайтын болаттың 1.4301 маркасына арналған жоғарыда аталған төмендетуші коэффициенттердің өзгеруін көрсетеді. 1993-1-2 ҚР ҚН EN–ң С Қосымшасы тот баспайтын болаттың басқа маркаларына арналған мәндерді қамтамасыз етеді.

**8.4 Кесте – Жоғарғы температуралар кезіндегі тот баспайтын болат 1.4301 маркасының кернеу – ұзындық тәуелділігі**

$\theta_a$ (°C)	$E_{a,\theta}/E_a$	$f_{p0.2,\theta}/f_y$	$f_{u,\theta}/f_u$	$k_{2\%,\theta}$
20	1,00	1,00	1,00	0,26
100	0,96	0,82	0,87	0,24
200	0,92	0,68	0,77	0,19
300	0,88	0,64	0,73	0,19
400	0,84	0,60	0,72	0,19
500	0,80	0,54	0,67	0,19
600	0,76	0,49	0,58	0,22
700	0,71	0,40	0,43	0,26
800	0,63	0,27	0,27	0,35
900	0,45	0,14	0,15	0,38
1000	0,20	0,06	0,07	0,40
1100	0,10	0,03	0,03	0,40
1200	0,00	0,00	0,00	0,40



## 8.12 Сурет – Жоғарғы температуралар кезіндегі тот баспайтын болат 1.4301 маркасының кернеу – ұзындық тәуелділігіне арналған төмендетуші коэффициенттер

### 8.2.4 Жұқа қабырғалы болат

#### 8.2.4.1 Жалпы ережелер

Жұқа қабырғалы болат профильдер көптеген түрлі кесік және фасон беттер етінде өндіріледі. Дәстүр бойынша, құрылыста қалыпты қолданылатын кесіктер – суықпен формаланған ‘C’ немесе Z’ формалы болады, олар шатырлардың торлары ретінде және өнеркәсіптік ғимараттарда өңдеуді қатайтуға қолданылады. Кейіннен жұқа қабырғалы қиықтар болат рамалар, фермалар, қалқандар, тосқауылдар, еден көкшолақтары және сақтау стеллаждары ретінде кеңінен қолданылатын болды.

Жұқа қабырғалы қиықтардың негізгі артықшылығы – қалыпты температура кезінде мықтылықтың салмаққа деген жоғарғы қатынасы. Суық формаланған қиықтар үшін металлды суық өңдеу үрдісінен туындаған механикалық қатаю материалдардың аққыштық шегі мен мықтылық шегін көбейтеді. Бірақ бұл ерекшеліктер өрттің әсері кезінде оларды осал етеді. Жұқа қабырғалы қиықтардың отқа төзімділігі жоғары емес, жоғарғы қиық коэффициенттері себебінен оларға тура өртпен әсер етсе, олар тез қызады. Механикалық қатайтудан болаған механикалық қатаюдың көбеюі қыздыру кезінде тез жоғалып кетеді.

#### 8.2.4.2 Жылулық қасиеттері


Жұқа қабырғалы болаттың жылулық қасиеттері, алдында болжалғандай ыстықтегістелген болаттың жылулық қасиеттеріне ұқсас.

#### 8.2.4.3 Механикалық қасиеттері

1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң C Қосымшасында 8.3 Кесте мен 8.14 Суретінде көрсетілгендей жоғарғы температуралар кезіндегі көміртекті болаттан жасалған 4 Класс қиығының есептік мықтылығы мен иілгіштік модуліне арналған төмендетуші коэффициенттер келтірілген, оларды жұқа қабырғалы қиықтар үшін қолдануға болады.

**8.5 Кесте – Жоғарғы температуралар кезіндегі 4 класс қиығына арналған көміртекті болатқа арналған төмендетуші коэффициентер**

Болаттың температурасы $\theta_a(^{\circ}\text{C})$	Есептік мықтылыққа арналған төмендетуші коэффициент $k_{p0.2,\theta}$	Иілгіштік модуліне арналған төмендетуші коэффициент $k_{E,\theta} = E_{a,\theta}/E_a$
20	1,00	1,00
100	1,00	1,00
200	0,89	0,90
300	0,78	0,80
400	0,65	0,70
500	0,53	0,60
600	0,30	0,31
700	0,13	0,13
800	0,07	0,09
900	0,05	0,07
1000	0,03	0,05
1100	0,02	0,02
1200	0,00	0,00



**8.13 Сурет – Жоғарғы температуралар кезіндегі суық формаланған болаттарға арналған мықтылықты төмендету коэффициенттері**

Оңай болуы үшін 1993-1-2 ҚР ҚН EN консервативті түрде мықтылықтың шартты шегін 0,2 % жоғарғы температуралар кезіндегі 4 класс болат профилдері үшін аққыштықтың есептік шегі ретінде алады. Ыстыктегістелген және пісірілген жұқа қабырғалы қиықтар үшін есептік мықтылықты төмендетуші коэффициенті  $k_{p0.2,\theta}$  20°C кезіндегі аққыштықтың шегіне  $f_y$  байланысты алынған және келесідей анықталады:

$$k_{p0.2,\theta} = f_{p0.2,\theta} / f_y$$

мұндағы  $f_{p0.2,\theta}$  — болаттың  $\theta_a$  температурасы кезіндегі мықтылықтың шартты шегі 0.2% аққыштықтың тиімді мәні ретінде.

Есептік мықтылыққа арналған  $k_{p0.2,\theta}$  суық формаланған жұқа қабырғалы қиықтар үшін төмендетуші коэффициент 20°C кезіндегі негізгі аққыштықтың шегіне  $f_{yb}$  байланысты қабылданған және келесі формуламен анықталған:

$$k_{p0.2,\theta} = \frac{f_{p0.2,\theta}}{f_{yb}}$$

мұндағы  $f_{yb}$  – 1993-1-3 ҚР ҚН EN–де берілген аққыштықтың негізгі шегі.

Иілгіштік модуліне арналған төмендетуші коэффициенті, болжалғандайғ көміртекгі болатқа арналғанмен ұқсас.

### 8.3 Бұрандалар мен пісірілген тігістер

1993-1-2 ҚР ҚН EN–ң D Қосымшасында бұрандалар мен пісірілген тігістердің өрті кезіндегі олардың тәртіптері туралы шектеулі ақпарат келтірілген, оның ішінде көршілес арқалыққа байланысты ауыспалы температурасы бар механикалық қасиеттер көрсетілген.

Сынақтың шектеулі санына негізделген Стандарт, бұранданың типіне қарамастан жылжу мен созуға жұмыстайтын бұрандаларға арналған  $k_{b,\theta}$  бірыңғай төмендетуші коэффициентті тағайындайды. Фрикционды бұрандалар үшін, бұрандалар өрт кезінде қозғалады деп, және бір бұранданың отқа төзімділігі жылжуға да әне сығуға да жобалана алады деп болжалған.

Өрт кезіндегі бұранданың есептік салмақ көтеру қабілеттілігін келесідей анытау қажет:

Қозғалудағы салмақ көтеру қабілеттігі:

$$F_{v,t,Rd} = F_{v,Rd} \cdot k_{b,\theta} \cdot \frac{\gamma_{M2}}{\gamma_{M,fi}}$$

Жапырудағы салмақ көтеру қабілеттігі:

$$F_{b,t,Rd} = F_{b,Rd} \cdot k_{b,\theta} \cdot \frac{\gamma_{M2}}{\gamma_{M,fi}}$$

Созылудағы салмақ көтеру қабілеттігі:

$$F_{ten,t,Rd} = F_{t,Rd} \cdot k_{b,\theta} \cdot \frac{\gamma_{M2}}{\gamma_{M,fi}}$$

мұндағы

$F_{b,Rd}$  - 1993-1-8 ҚР ҚН EN сәйкес жапырудағы есептік салмақ көтеру қабілеттігі;

$F_{t,Rd}$  - 1993-1-8 ҚР ҚН EN сәйкес созылудағы есептік салмақ көтеру қабілеттігі;

$F_{v,Rd}$  - 1993-1-8 ҚР ҚН EN сәйкес қозғалудағы есептік салмақ көтеру қабілеттігі;

$k_{b,\theta}$  - 8.7 Кестедегі бұранданың сәйкес температурасына арналған төмендетуші коэффициент;

$\gamma_{M2}$ - қалыпты температура кезіндегі сенімділік коэффициенті;

$\gamma_{M,fi}$  – өрт шарттарына арналған сенімділік коэффициенті.

8.15 Суретінде көрсетілген мықтылықтың төмендету коэффициентінің өзгеруі.

#### 8.4 Кесте – Бұрандалар мен пісірілген тігістерге арналған мықтылықты төмендету коэффициенттері

Температура $\theta(^{\circ}\text{C})$	Қозғалу мен созылуға жұмыстайтын бұрандалар $k_{b,\theta}$	Бұрыштық пісірілген тігістер $k_{w,\theta}$	Қабыстыру пісірілген тігістер $k_{w,\theta}$
20	1,000	1,000	1,000
100	0,968	1,000	1,000
200	0,935	1,000	1,000
300	0,903	1,000	1,000
400	0,775	0,876	1,000
500	0,550	0,627	0,780
600	0,220	0,379	0,470
700	0,100	0,130	0,230
800	0,067	0,074	0,074
900	0,033	0,018	0,018
1000	0,000	0,000	0,000


Бұрыштық пісірілген тігістің бірлік ұзындығына келетін есептік салмақ көтеру қабілеттігі өрт кезінде келесі формула бойынша анықтау қажет:

$$F_{w,t,Rd} = F_{w,Rd} \cdot k_{w,\theta} \cdot \frac{Y_{M2}}{Y_{Mfi}}$$

мұндағы  $F_{w,Rd}$  - 1993-1-8 ҚР ҚН ЕН сәйкес бұрыштық пісірілген тігістің бірлік ұзындығына келетін салмақ көтеру қабілеттігі;

$k_{w,\theta}$  - 8.7 Кестесіндегі пісірілген тігістің сәйкес келетін температурасына арналған төмендетуші коэффициент болып табылады.

Мықтылықты төмендету коэффициентінің өзгеруі 8.15 Суретінде көрсетілген. Бұрыштық пісірілген тігістер өрт кезінде бұрандалардан жақсы ұмыстайды деп есептеледі, бірақ бұрандалар мықтылығын төмен сақтайды.



8.14 Сурет – Жоғарғы температурадағы бұрандалар мен пісірілген тігістерге арналған мықтылықты төмендету коэффициенттері

## 9 СОЗЫЛҒАН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ

### 9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Бұл бөлімде созылған болат элементтерді есептеу бойынша кеңес берілген. Созылған элементтер көптеген құрылыс конструкцияларында қолданылады, олардың кейбірі төменде көрсетілген. .

- Қарапайым бұрыштар, тройниктер, каналдар мен конструктивті қуыс профилдер еңіл және арқалық фермаларда қолданылады.


- Қарапайым қималар, екі бұрыштан немесе каналдардан және біліктер мен сызықтардан тұратын құраушы қималар ғимараттағы байланыс элементтері ретінде қолданылады.

- Ванталар мен арқандар, аспалы көпірлердің магистралды кабельдері мен көтеруші арқандары ретінде және аспалы конструкциялар мен аспалы көпірлердің төсемі ретінде қолданылады.

- Ауыр тегістелген профильдер, ауыр құрамды екітаңбалы және қораб тәрізді қималар аспалы конструкциялардағы аспалар ретінде қолданылады.

Қиманың қалыпты түрлері және ғимараттар мен көпірлерде қолданылатын созылған элементтердің мысалы 9.1 және 9.2 Суреттерінде көрсетілген.

9.1.2 1993 ҚР ҚН EN: 1.2 Бөлімінде созылу кезінде болат элементтедің отқа төзімділіген бағалаудың екі әдісіне рұқсат берген. Біріншісі, «есептік салмақ көтеру қабілеттігі» деп алатынын әдіс, элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттілігін есептеуден тұрады, және элементтің көлденең қимасы бойынша температураның бөлінуіне, көлденең қима ауданына және жоғары температура кезінде материалдың төмендетілген қасиеттеріне негізделген. Екіншісі, «критикалық температура» әдісі деп аталады, элементтің тоқтап қалуына әкелетін температураны есептеуден тұрады, және температураның біркелкі таралуы мен есептелген пайдалану коэффициентін ескереді. Екі әдісте келесі тармақтарда сипатталған.




9.1 Сурет – Созылған элементтер ретінде қолданылатын қарапайым қималар



## 9.2 Есептік салмақ көтере алу қабілеттік әдісі

### 9.2.1 Жалпы ережелер

1993 ҚР ҚН EN: 1.2 Бөлімінде жоғарғы температурада созылған элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттігін есептеуге арналған екі әдісі бар. Бірінші әдісін көлденең қима бойынша біркелкі емес таралған температурасы бар созылған элементке қолдануға болады, ал екіншісін керісінше біркелкі таралған температурасы бар элементке қолданады.



### 9.2 Сурет – Ғимараттар мен көпірлердегі созылған элементтер

Көлденең қимасы бойынша біркелкі емес таралған температурасы бар созылған элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттігіне балама ретінде, консервативті түрде біркелкі таралған температурасы бар созылған элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттігіне тең етіп алуға болады, бірақ бұл жағдайда ол біркелкі емес таралған температурасы бар қимадағы максималды температураға тең болуы тиіс.

### 9.2.2 Температураның біркелкі емес таралауы

1993 ҚР ҚН EN: 1.2 Бөлімі көлденең қимасы бойынша біркелкі емес таралған температурасы бар созылған элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттігін  $N_{fi,t,Rd,t}$  уақытында, келесі формула бойынша есептейді:

$$N_{fi,t,Rd} = \sum_{i=1}^n A_i \cdot k_{y,\theta,i} \cdot f_y / \gamma_{M,fi} \quad (9.1)$$

мұндағы  $A_i$  -  $\theta_i$  температурасы бар көлденең қиманың бірлік ауданы;

$k_{y,\theta,i}$  -  $\theta_i$  температурасы бар болаттан аққыштың шегіне арналған төмендетуші коэффициент;

$\theta_i$  -  $A_i$  бірлік ауданындағы температура;

$f_y$  - 20°C кезіндегі аққыштық шегі;


$\gamma_{M,fi}$  - өрт кезіндегі жағдайға арналға материалдың сәйкес келетін қасиеттеріне арналған сенімділік коэффициенті.

Бұл әдісте көлденең қима көптеген дискретті элементтерге бөлінеді және әр бір элемент үшін өзінің ауданы, температурасы, төмендетуші коэффициенті және аққыштық шегі бар. Жоғарыда көрсетілген теңдеулер толық көлденең қиманың жалпы салмақ көтеру қабілеттігін алу үшін бөлек элементтердің әр қайсысының салмақ көтеру қабілеттігінің қосындысын шығарады. Бөлудің қайсы бір ыңғайлысын қолдануға болады, бірақ нақты нәтижелер алу үшін көлденең қима шамамен біркелкі температуралық аралуы бар элементтерге бөлінуі тиіс. Элементтің облысы бойынша температураның таралуы өзгертін болса, онда ең жоғарғы температура қабылдануы тиіс.

3 МЫСАЛ Тегіс полкалы бұрыштың созылуындағы салмақ көтеру қабілеттігі

1) Бастапқы деректер

9.3 (а) Суретінде көрсетілген, созылған элементтің созылуындағы салмақ көтеру қабілеттігін есептеу қажет. Көлденең қима бойынша температураның таралуы біркелкі емес және сызық бойынша бұрыштың негізінде 600°C – тен бастап басында 200°C – ге дейін өзгереді.



(а) температураның біркелкі емес таралуы; (б) әр полкадағы максималды температура; (в) вертикалды полканың бөлінуі. (Барлық өлшемдер миллиметр бойынша көрсетілген)

### 9.3 Сурет – Температураның біркелкі емес таралу әсерінен элементтің созылуы

Қиманы өлшемі және материалдың қасиеті

- қима өлшемі: 100 × 100 × 15 мм (тегіс полкалы бұрыш)

- болат маркасы: S275

2) Есептеу үрдісі

9.3 (b) Суретінде көрсетілгендей, бұрышты ыңғайлы түрде вертикалды және горизонталды полкаларға бөлуге болады. Бұл элементтердің әр қайсысындағы максималды температура сәйкесінше 600°C және 540°C.

1 элементтің созылуындағы салмақ көтеру қабілеттігін келесі ормула бойынша анықтауға болады:

$$N_{fi,t,Rd,1} = A_1 \cdot k_{y,\theta,1} \cdot f_{y1} / \gamma_{M,fi,1}$$

1 нөмірлі элемент үшін  $A_1$ ,  $k_{y,\theta,1}$ ,  $f_{y1}$  және  $\gamma_{M,fi,1}$  мәндерін алмастыра отырып оның созылудағы салмақ көтеру қабілеттігін есептейміз:

$$N_{fi,t,Rd,1} = 100 \times 15 \times 0,470 \times 275 / 1,0 / 1000 = 193,9 \text{ кН}$$

2 нөмірлі элементтің созылудағы салмақ көтеру қабілеттігін де осы әдіс арқылы анықтауға болады және ол 241 кН тең болады. Элементтің созылуындағы салмақ көтеру қабілеттігін осы екі элементтің әр қайсысының салмақ көтеру қабілеттіктерін қосу арқылы табуға болады:

$$N_{fi,t,Rd} = N_{fi,t,Rd,1} + N_{fi,t,Rd,2}$$

Осы элементтің созылуындағы есептік салмақ көтеру қабілеттігі:

$$N_{fi,t,Rd} = 193,9 + 241 = 435 \text{ кН}$$

Элементтің созылуындағы есептік салмақ көтеру қабілеттігін нақтырақ бағалауды, баламалы түрде 9.3 (c) Суретінде көрсетілгендей, бұрыштың вертикалды полкасын екі элементке бөлу арқылы анықтауға болады, сонымен көлденең қима үш элементке бөлінеді. 1, 2 және 3 элементтердің максималды температуралары, сәйкесінде 600°C, 540°C және 370°C. Жоғарыдағы әдістемені қолдана отырып, элементтердің созылудағы жаңа салмақ көтеру қабілеттігі – 490 кН болатындығын оңай анықтауға болады. Бұл бұрынғыдан 12%-ға артық.

### 9.2.3 Температураның біркелкі таралуы

1993-1-2 ҚР ҚН EN көлденең қимасы бойынша біркелкі таралған температурасы  $\theta_a$  бар созылған элементтің есептік салмақ көтеру қабілеттігін  $N_{fi,t,Rd}$  келесі формула бойынша анықтайды:

$$N_{fi,t,Rd} = k_{y,\theta} \cdot N_{Rd} \cdot (\gamma_{M,1} / \gamma_{M,2}) \quad (9.2)$$

мұндағы  $k_{y,\theta}$  -  $\theta_i$  температурасындағы болаттың аққыштық шегіне арналған төмендеуші коэффициент;

$N_{Rd}$  - 1993-1-1 ҚР ҚН EN сәйкес, қалыпты температурадағы есепке арналған, көлденең қиманың есептік салмақ көтеру қабілеттігі  $N_{pl,Rd}$ .

Бұл әдіс 1993 ҚР ҚН EN бойынша есептелген, қалыпты температурада созылған элементтерге арналған есептік әдіске негізделген: 1.1 Бөлімі, бірақ төмендетуші коэффициентті  $k_{y,\theta}$ , жоғары температура кезінде материал қасиеттерінің төмендеуін ескеру үшін енгізеді. Бірақ осы әдіс пен қалыпты температура кезіндегі есептерге қолданатын әдіс арасында бір негізгі айырмашылық бар, бұл нетто қиманың ауданында элементтің тәртібіне байланысты. Өрт жағдайында, бұранданың ойығында, егер ол ойық бұрандамен толтырылған болса, ойықтың айналасындағы қиық элементтің басқа бөлігі сияқты белгілі бір дәрежеге дейін қыздырылмайды деген болжалған. Себебі, жылудың

жергілікті саны бұrandаның болуынан болып көбейеді. Осыдан келесідей тұжырым шығаруға болады, нетто қиық ауданында элементтің салмақ көтеру қабілеттігін жоғарлату үшін брутто қима ауданының қасиеттерін нетте қиық ауданы қасиеттерінің орнына қолдануға болушы еді.

### 9.3 Критикалық температура әдісі

9.3.1 Температурасы біркелкі таралған,  $t$  уақытында созылған болат элементке арналған  $\theta_{a,cr}$  критикалық температура, осы температура кезінде элементтің салмақ көтеру қабілеттігі жүктелген жүктеме көлеміне дейін төмендейтін температура болып табылады. 1993 ҚР ҚН EN – де критикалық температура қандайда болсын қолдану козициенті үшін келесі бойынша анықталады:

$$\theta_{a,cr} = 39,19 \cdot \ln \cdot \left[ \frac{1}{0,9674\mu_0^{3,833}} - 1 \right] + 482 \quad (9.3)$$

мұндағы  $\mu_0$  – элементтегі қолдану коэффиценті және келесі формула бойынша есептеледі:

$$\mu_0 = E_{fi,d}/R_{fi,d,0} \quad (9.4)$$

мұндағы  $R_{fi,d,0} - t = 0$  уақытына арналған  $R_{fi,d,t}$  мәні (яғни қалыпты температурада);

$R_{fi,d,t}$  - осы құралдың 5 бөлімі бойынша есептеледі;

$E_{fi,d}$  - осы құралдың 5 бөлімі бойынша есептеледі.

9.3.2 Қолдану коэффицентін өрт кезіндегі шекті жағдайда жүктелген жүктеме көлемін ( $E_{fi,d}$ ) бөлме температурасы кезіндегі элементтің салмақ көтеру қабілеттігіне ( $R_{fi,d,0}$ ) қатынастыра отырып анықтауға болады.  $t = 0$  кезіндегі созылған элементтерге арналған салмақ көтеру қабілеттігін оның бөлме температурасы кезіндегі салмақ көтеру қабілеттігіндей етіп алуға болады. Қалыпты температура кезіндегі созылған элементтің салмақ көтеру қабілеттігін 1993 ҚР ҚН EN – де көрсетілген мәндерге сәйкес анықтауға болады: 1.1 Бөлімі.

#### 9.1 Кесте – 1993 ҚР ҚН EN – дегі коитикалық температура әдісі бойынша есептеу

Әдіс	Қолдану кезіндегі критикалық/шектік температуралар (жүктеменің қатынасы):					
	0,7	0,6	0,5	0,4	0,3	0,2
1993 ҚР ҚН EN	526	554	585	620	664	725

9.3.3 Созылған элементтер үшін, балама ретінде  $\mu_0$  – ді консервативті түрде келесі формцламен анықтуға болады:

$$\mu_0 = \eta_{fi} \cdot (\gamma_{M,fi}/\gamma_{M,1}) \quad (9.5)$$

мұндағы  $\eta_{fi}$  - осы құралдың 5 бөлімінде есептелген төмендетуші коэффицент.

9.3.4 Бұл әдіс элемент қалыпты жағдайларда толық мықтылыққа жобаланған деп

болжайды, және сондықтан қолдану коэффициентін өрт кезіндегі шекті жағдайда жүктелген жүктемені қалыпты жағдайлардағы критикалық есептік жүктемелерге қатынастыра отырып анықтауға болады. Егер конструкция тұрақты жүктеме (G) мен уақытша жүктеме (Q) комбинациясына душар болса қолдану коэффициентін келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$\mu_0 = \frac{G + \psi \cdot Q}{1,35 \cdot G + 1,5 \cdot Q} (\gamma_{M,fi} / \gamma_{M,1})$$

мұндағы  $\psi$  – уақытша жүктеме кезіндегі үйлесу коэффициенті.

#### 4 МЫСАЛ Критикалық температураны есептеу

##### 1) Бастапқы деректер

Бұл мысалда өткен мысалдағы қарапайым бұрышқа арналған критикалық температураны есептеуді, мұнда 500 кН көлемінде жүктеме жүктелген деп қабылданған.

##### 2) Шешімі

$t = 0$  уақытында созылудағы салмақ көтеру қабілеттігі  $R_{fi,d,0} = 2800 \times 275/1000 = 770$  кН болып табылады. Сондықтан қолдану коэффициенті  $\mu_0 = 500/770 = 0,649$  болады. (9.3) теңдеуінен элементтің критикалық температурасы  $540^\circ\text{C}$ .

## 10 СЫҒЫЛҒАН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ

### 10.1 Жалпы ережелер

Бұл бөлімде негізінен сығылуға жұмыстайтын элементтердің (бұдан әрі колонна) есебі бойынша нұсқаулар көрсетілген.

Әр түрлі ҚР ҚН EN–дегі есептердің мақсаты конструкцияның элементінде, өрт кезіндегі шекті жағдайда конструкцияның элементіне жүктелген жүктемеге салынатын қарсылыққа арналған жоғарғы температуралар кезінде жетерліктей салмақ көтеру қабілеттігі бар екендігін қамтамасыз ету болып табылады; бұл есептік философия қалыпты температура кезіндегі есепке барабар. Сондықтан, бірінші ретте конструкцияның элементіндегі температураларды анықтау керек. Болат колонналар үшін, егер оттан қорғаушы термиялық көрсеткіштердің сәйкес мәндері бар болса, болаттың температурасын 4 бөлімдегі формуларды қолдана отырып анықтауға болады.

Конструкцияның элементіндегі температураны температурасы кіруші көрсеткіш ретінде танымал екендігін басшылық жобалаған.

Әр түрлі ҚР ҚН EN – дер құрамында сығылған элементтердің әр түрлі типтерінің салмақ көтеру қабілеттігін анықтауға арналған көптеген әдістер бар. 1993-1-2 ҚР ҚН EN –ң құрамында болат элементтерге арналған есептеудің жеңілдетілген әдісі мен критикалық температура әдісі бар.

Кестеге жинақталған әдістің құрамында, колоннаны есептеудің әр түрлі көрсеткіштерінің колоннаның отқа төзімділігін бағалаудың қол жетімді стандартты әдісімен тура байланысына арналған көптеген есептік кестелерден тұрады. Бұл кестелер, жалпы алғанда отқа төзімділіктің стандартты сынақтарына немесе сындық есептеулердің нәтижелеріне негізделген және олардың қарапайымдылығынан олар болуы мүмкін барлық


жерде қолданылуы тиіс.

Негізгі әдіс ғимараттар мен құрылыстарды жобалаудың жалпы принциптеріне негізделген және есептік есептей әдістерін қолдануды еліктіреді. Бұл мәселе осы құралдың аясында емес. Сондықтан бұл құрал негізінен есептеудің әр түрлі қарапайым әлістерінің орындалуын қарастырады.

## 10.2 Өрт кезінде колоннаның есептік ұзындығы

Колоннаның есептік ұзындығы – сығу кезінде оның салмақ көтеру қабілеттігін есептеудегі негізгі көрсеткіш. Өрт кезіндегі шекті жағдайлар бойынша есепке арналған колоннаның есептік ұзындығы қалыпты температурадағы сондай ұындықтан өзгеше болады.

Бұл жағдай колоннан өрттің әсерінің асытнда, бірақ өрткенбейтін секция аясында болғанда орындалады. Колоннаның бүгілу қаттылығы жоғарғы температурада төмендейді, бірақ ғимарттың басқа бөліктерінде бүгілу қаттылығы өзгеріссіз қалады. Негізінен колонна үлкейтілген қысуды алады. Әр түрлі ҚР ҚН EN – р бұл фактыны мойындайды және өрт кезінде колоннаның қалыпты температурадағы колоннаның ұзындығымен салыстырғанда азайтылған есептік ұзындықтарын қолданады. Бұдан басқа, ҚР ҚН EN – де шектес «суық» конструкцияның қыздырылған колоннаға деген салыстырмалы мықтылығы шексіздікке ұмтылады, сондықтан қыздырылған колоннаның соңында бітеуі бар деп болжауға болады. 10.1 Суреті ҚР ҚН EN – ң ұсыныстарын көрсеткен. ҚР ҚН EN – дегі есептеу бойынша ұсыныстарды қолдану үшін, 10.1 Суретінде көрсетілгендей, отпен амылған қабаты бар көршілес өрт секцияларынан шектес суық колонналар ғана қыздырылған колонналарға жоғарғы бітеуді қамтамасыз етеді. Бұл шектес горизонталды элементтер қыздырылған колонналар сияқты сол өрттің әсерінің астында болатындықтан болады.




(а) ғимараттың қимасы; (б) бөлме температурасы кезіндегі деформацияланған түрі; және (в) жоғарғы температура кезіндегі деформацияланған түрі

## 10.1 Сурет – Өрт кезіндегі байланыстырушы каркастағы колоннаның есептік ұзындығы

### 10.3 Осы тік бағытта салмақ салынған болат колонналар

#### 10.3.1 Жалпы ережелер

Колоннаның есептеу кезінде тұрақтылықты қарастыру керек болғандықтан, 1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң 4.2.4 Тармағындағы критикалық температура әдісін қолдануға болмайды. Болат колонналарға арналған жеңілдетілген әдісті 1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң 4.2.3.2 және 4.2.3.6 Тармақтарының көмегімен қолдану қажет. Бұл әдістегі колоннаның температурасы – есептеу есептеулердің жөнелтуші нүктесі. Колоннаның есептік температурасы кезінде колоннаның төмендетілген мықтылығы есептеліп, өрт кезінде колоннаға үктелген жүктемемен салыстырылады. Колонна, жобалағандай, егер колоннаның қалдық мықтылығы өрт кезінде колоннаға жүктелген жүктемеден жоғары болса қауіпсіз болады. Есептеуді жеңілдетілген әдісінде колоннаға жүктелген жүктеме, жобалағандай, өрттің әсері кезінде тұрақты болып қала береді. Егер есептеудің мақсаты колоннаның өртке қарсы қорғанысының қажетті жуандығын табу болса, онда қайталанатын үрдіс қайталады. 10.2 Суреті сол қайталанатын үрдісті көрсетеді.



10.2 Сурет – 1993-1-2 ҚР ҚН EN бойынша жобалау үрдісінің сұлбасы

1993-1-2 ҚР ҚН EN – дегі есептік әдіс, қалыпты температурадағы болат колонналарға арналған 1993-1-1 ҚР ҚН EN – дегі есептік әдіске ұқсас. Бірақ көптеген айырмашылықтар бар. Осы бөлімнің 10.2 Тармағында сипатталған колоннаның есептік ұзындығындағы айырмашылықтан басқа, колоннаның көлденең қимасының жіктелуіне байланысты айырмашылықтар бар. Тұрақтылықты оғалту орны және құрылыс өртке қарсы жобалау үшін колоннаның көлденең қимасының жүктемесіне арналған  $\varepsilon$  азайтылған мәні, келесі формула бойынша анықталады:

$$\varepsilon = 0,85 \cdot \sqrt{\frac{235}{f_y}} \quad (10.1)$$

0,85 коэффициенті  $\sqrt{k_{E,\theta}/k_{y,\theta}}$  – ған арналған жуық шама болып табылады, және

мұндағы  $k_{E,\theta}$  және  $k_{y,\theta}$  иілгіштік модуліне және  $\theta$  температурада болаттың есептік аққыштық шегіне арналған төмендетуші коэффициенттер болып табылады, 8.1 Кестесі.

1993-1-1 ҚР ҚН EN – нен алынған, беттің енінің жуандығына деген қатынасының шегін пайдалана отырып барлық көлденең қималар УК (эмбебап колонна) – 3 класс немесе егер болаттың маркасы S275 болса одан жақсы екендігін оңай тексеруге болады. Егер болаттың маркасы S355 болса, онда тек  $356 \times 368 \times 129$ УК және  $152 \times 152 \times 23$ УК қималар ғана 4 класты көлденең қималар болып табылады..

### 10.3.2 1, 2 немесе 3 класты көлденең қимасы бар біркелкі қыздырылатын колонна

1, 2 немесе 3 классты көлденең қималары бар колоннан үшін, есептеу кезінде жергілікті тұрақтылықты ескерудің ешқандай қажеті жоқ әне сығудағы колоннаның салмақ көтеру қабілеттігін  $N_{b,fi,t,Rd}$  келесі формула бойынша анықтайды:

$$N_{b,fi,t,Rd} = \chi_{fi} \cdot A \cdot k_{y,\theta} \cdot f_y / \gamma_{M,fi} \quad (10.2)$$

мұндағы  $A$ – колоннаның брутто көлденең қимасы және  $\gamma_{M,fi}$  – өрт кезіндегі шекті жағдайдағы болатқа арналған материал бойынша сенімділік коэффициенті.  $\chi_{fi}$  – колоннаның мықтылығын төмендету коэффициенті, ол колоннаның иілгіштік  $\bar{\lambda}_{fi}$  функциясы болып табылады және оны келесі формула бойынша анықтайды:

$$\chi_{fi} = \frac{1}{\varphi_{\theta} + \sqrt{\varphi_{\theta}^2 - \bar{\lambda}_{\theta}^2}} \quad \text{при} \quad \varphi_{\theta} = \frac{1}{2} \cdot [1 + \alpha \bar{\lambda}_{\theta} + \bar{\lambda}_{\theta}^2] \quad \text{и} \quad \alpha = 0,65 \cdot \sqrt{235/f_y} \quad (10.3)$$

Колоннаны іілгіштігін есептеу кезінде  $\bar{\lambda}_{\theta}$ , 10.2 Тармағында сипатталған колоннаның азайтылған есептік ұзындығын ескерумен қатар, жоғарғы температурадағы болаттың аққыштығының есептік шегі мен иілгіштік модуліндегі әр түрлі өзгерістердің эффектiсін ескеру қажет. 1993-1-2 ҚР ҚН EN колоннаның иілгіштігін есептеуге мүмкіндік береді  $\bar{\lambda}_{\theta}$ :

$$\bar{\lambda}_{\theta} = \bar{\lambda} \cdot \sqrt{\frac{k_{y,\theta}}{k_{E,\theta}}} \quad (10.4)$$

мұндағы  $\bar{\lambda}$  – қалыпты температурадағы колоннаның иілгіштігі, бірақ 10.2 Тармағында сипатталғандай, өрт кезіндегі колоннаның азайтылған есептік ұзындығын қолдана отырып есептеледі.

Егер есептеудің мақсаты колоннаның шекті температурасын табу, әне колоннаның температурасы белгісіз болса, онда оң бөліктің екінші шартын (10.4) есептеу мүмкін емес. Бірақ болат температурасының практикалық диапазоны шегінде ( $300-800^{\circ}\text{C}$ ), және оң бөліктің екінші көбейтушісі (10.4) шамамен 1.2 тең. Сондықтан, өрт кезіндегі колоннаның иілгіштігін шамамен келесі формула бойынша есептеледі:

$$\bar{\lambda}_{\theta} = 1,2 \cdot \bar{\lambda} \quad (10.5)$$



5 МЫСАЛ Болат колоннаның шектік температурасын есептеу

1) Бастапқы деректер

Болат колоннаның шекті температурасын есептеу қажет.

Бастапқы берілгендер

Колонна қимасының өлшемі:  $305 \times 305 \times 118$ УК

Биіктігі: үздіксіз колоннасы бар өртенбейтін екі қабаттың арасында 4,2 м

Болат маркасы: S275

Жүктелген жүктемелер:

Тұрақты жүктеме: 1000 кН

Ауыспалы жүктеме: 1200 кН

2) Есептеу үрдісі

1 Адым: Өрт кезіндегі шекті жағдайға арналған колоннаның иілгіштігі

Өрт кезіндегі колоннаның есептік ұзындығы:  $L_{e,fi} = 0,5 \times 4,2 = 2,1$  м, тұрақтылықты жоғалту кезіндегі Эйлеров жүктемесі:

$$N_{cr} = \frac{\pi^2 \cdot E \cdot I}{L_{e,fi}^2} = \frac{\pi^2 \times 205 \times 90590}{2,1^2} / 1000 = 41562 \text{ кН}$$

Созылымды кезеңіндегі колоннаның қалыпты температура кезіндегі салмақ көтеру қабілеттігі:

$$N_u = f_y \cdot A = 0,275 \times 15000 = 4125 \text{ кН}$$

Қалыпты температурада колоннаның иілгіштігі:

$$\bar{\lambda} = \sqrt{\frac{N_u}{N_{cr}}} = 0,315$$

Өртке қарсы есептеуге арналған колоннаның жуық иілгіштігі:

$$\bar{\lambda}_\theta = 1,2 \cdot \bar{\lambda} = 0,378$$

2 Адым: Колоннаның шекті температурасы

Ауыспалы жүктемеге арналған сенімділік коэффициенті 0,5 екендігін жоғалай отырып (7.1 Кесте), өрт кезіндегі шекті жағдайда жүктелген жүктемені анықтаймыз:  $1000 + 2000 \times 0,5 = 1600$  кН.

(10.3) Теңдеуіне сәйкес,  $\alpha = 0,601$ ,  $\varphi = 0,685$ ,  $\chi_{fi} = 0,796$ . Оттағы болатқа арналған сенімділік коэффициенті 1,0 деп жобаласак, онда (10.2) Формуласы бойынша:

$$k_{y,\theta} = N_{b,fi,t,Rd} / (\chi_{fi} \cdot A \cdot f_y / \gamma_{M,fi}) = 1600 / (0,796 \times 4125 / 1,0) = 0,487$$

8.1 Кестесінде колоннаның шекті температурасы  $595^\circ\text{C}$ .

Осы температурада болаттың иілгіштік модуліне арналған төмендетуші коэффициент 0.3245, (10.4) Теңдеуінің оң жағындағы екінші шартының мәні 1,225. (10.3) Теңдеуіне сәйкес, өрт кезіндегі колоннаның иілгіштігі 0,386. Бұл иілгіштік қабылданған 0,378 мәнінен өзгеше, сондықтан қайталау қажет.

Келесі қайталау қайталап қарастырылған колоннаның шекті температурасын  $594^\circ\text{C}$  есептейді, бұл мән алдыңғы мәнге жетерліктей жақын әне оны колоннаның соңғы шекті температурасы ретінде алуға болады.

### 10.3.3 класты көлденең қимасы бар біркелкі қыздырылатын колонна

4 класты көлденең қимасы бар колонналар үшін, мұнда жергілікті тұрақтылықтың маңызы зор, 1993-1-2 ҚР ҚН EN колоннаның отқа төзімділігін бағалаудың екі баламалы әдісін ұсынады. Еңілрек әдісте, 1993-1-2 ҚР ҚН EN колоннаның консервативті шектеуші

температура 350°C – ты ұсынады. Баламалы әдіс 1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң Е Қосымшасында бар. Бұл әдісте, есептік ені жергелікті тұрақтылық эффектiлерiн қарастыру үшін қолданылады, және 1993-1-2 ҚР ҚН EN бiркелкi жұмыстық ендi қалыпты температурадағыдай қолдануды ұсынады. Нәтиесiнде, есептік есептеулер 1, 2 немесе 3 класты көлденең қимасы бар колонналардағыдай жалғасуы тиiс, бiрақ брутто 1, 2 немес 3 класты көлденең қиманың қасиеттерi 4 класты көлденең қиманың тиiмдi қасиеттерiне алмастырылуы тиiс.

#### **10.3.4 Осьтік жүктеме және бұғу моментінің әсерінің астындағы бiркелкi қыздырылатын колонна**

Осьтік жүктеме мен иілуші моменттің әсеріндегі бiркелкi қызатын колонналар үшін 1993-1-2 ҚР ҚН EN формулалардың екi жиынтығын ұсынады, бiрiншiсi 1, 2 және 3 класты көлденең қимасы бар элементтерге арналған, ал екiншiсi 4 класты көлденең қимасы бар элементтерге арналған. Бұл теңдеулер 1993-1-1 ҚР ҚН EN – дегi қалыпты температурадағы теңдеулерге барабар, бiрақ, өзiнiң осьтік жүктемесiнiң әсерi астындағы элементтің салмақ көтеру қабiлеттiгi қолданылуы тиiс.

#### **10.3.5 Бiркелкi емес қыздырылмайтын болат колонналар**

Болат колонналар бiркелкi емес қыздырылатын көптеген жағдайлар бар, мысалы өрттің әсерi бiр ағынан ғана болатын қабырғаның бөлiгi болып табылатын колонна. Қазiргi кезде, осы мәселеге байланысты 1993-1-2 ҚР ҚН EN – дегi ұсыныстар жеңiлдетiлген, және «температурасы бiркелкi емес таралған сығылған элементтің есептік салмақ көтеру қабiлеттiгi бiркелкi температуралы  $\theta$  сығылған элементтің салмақ көтеру қабiлеттiгiне тең деп, болаттың максималды температурасыне тең етiп алынады» деп бекiтiлген. 1, 2 немесе 3 класты көлденең қимасы бар колонналар үшін 1993-1-2 ҚР ҚН EN – де берiлген ұсыныстар, егер колоннаның иiлгiштiгi өте төмен немесе өте жоғары болғанда ғана орынды болады. Орташа иiлгiштiгi бар колонналар үшін ( $40 < \lambda < 100$ ), 1993-1-2 ҚР ҚН EN – дегi ұсыныстар қауiпсiз емес болуы мүмкiн. Мүмкiн есептеудiң жетiлдiрiлген әдiстерiн қолдану қажет шығар. 4 класты көлденең қимасы бар колонналар үшін 1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң Е Қосымшасын қолдануға болады, бiрақ жылулық бүгiлудiң эффектiсiн анықтау қажет.

### **11 БҮГІЛЕТІН ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЕСЕПТЕУ**

#### **11.1 Жалпы ережелер**

Бұл бөлімде иілгіш элементтерді (болат арқалықтар) есептеу туралы апарат бар.

Арқалықтың көлденең қимасындағы температура кіруші мәліметтер болып табылады деп болалған.

Балама ретінде, оқушылар осы құралдың 4 Бөлімін қарауы қажет.

## 11.2 Болат арқалықтар

### 11.2.1 Жалпы ережелер

Өрт кезіндегі шекті жағдайда болат арқалықтарды есептеу 1993-1-1 ҚР ҚН EN – де қалыпты температурада есептеген есептерге ұқсас. 1993-1-2 ҚР ҚН EN бойынша болат арқалықтар келесілерге тексеру қажет:

- бүгілу моменті бойынша жетерліктей салмақ көтеру қабілеттігі
- жылжудағы жетерліктей салмақ көтеру қабілеттігі
- бүгілу – айналу кезінде тұрақтылықтың жоғалуындағы жетерліктей салмақ көтеру қабілеттігі
- шекті деформация.

### 11.2.2 Бүгілетін момент бойынша салмақ көтеру қабілеттігі

Болат арқалықтар әдітте үш жағынан өрттің әсеріне душар болады, себебі арқалықтардың жоғарғы жағы жоғарғы қабеттің еденімен бөлектелген, сондықтан арқалықтың көлденең қимасында температураның таралуы біркелкі емес болу тенденциясы бар. Температураның біркелкі емес таралуы көлденең қиманың әр түрлі жерлеріндегі болаттың мықтылығы мен қаттылығы әр түрлі болады дегенді білдіреді, сондықтан бұл жағдайды есептеу кезінде ескеру қажет.

1993-1-2 ҚР ҚН EN – де, 1 немесе 2 классты көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша салмақ көтеру қабілеттігі көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша пластикалық салмақ көтеру қабілеттігіне тең, ал оны екі әдісті қолдана отырып есептеуге болады. Бүгілу моментінің салмақ көтеру қабілеттігін анықтаудың пластикалық әдісі деп атайтын бірінші әдісте (4.2.3.3 (2) Тармағы), болат көлденең қима көптеген блоктарға бөлінеді. Әр блок өзінің аққыштық шегіне жетеді деп болжалған. Бірыңғай осьтік салмақ көтеру қабілеттігі бар сығылған және созылған бөліктерге көлденең қиманы бөлетін көлденең қиманың созымдылығының нейтралды осын тапқанан кейін көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігін барлық блоктардың үлесін қосу арқылы анықтауға болады. Бұл әдіс бүкіл көлденең қиманың температуралары туралы ақапартты талап етеді. Баламалы әдісте (4.2.3.3 (3) Тармағы), температурасы біркелкі емес таралған көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігі температураның біркелкі таралуымен байланысты және келесі формула бойынша есептеледі:

$$M_{fi,t,Rd} = \frac{M_{fi,\theta,Rd}}{k_1} \quad (11.1)$$

мұндағы  $M_{fi,t,Rd}$  – температурасы біркелкі емес таралған көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігі,  $k_1 (= 0,7)$  өзгеру коэффициенті және  $M_{fi,\theta,Rd}$  –  $\theta$  температураның біркелкі тарауы кезіндегі көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігі. Егер сенімділік коэффициентін ескермеген жағдайда, онда  $M_{fi,\theta,Rd}$  – ны қалыпты температура кезіндегі көлденең қиманың

бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігін болаттың аққыштық шегіне арналған төмендетуші коэффициентімен (8.1 Кестесіндегі  $k_{y,\theta}$ ) көбейту арқылы анықтайды. 1993-1-2 ҚР ҚН EN – де,  $\theta$  біркекі температура «тіреулерден болатын жылулық әсерлерге душар болмайтын көлденең қимадағы  $t$  уақытындағы  $\theta_a$  біркелкі температура» деп айтылған. Бұл шын мәнінде, анықтаманың шиеленістіріп жібереді. Себебі көлденең қиманың төменгі полкасы – ең критикалық элемент  $\theta$  біркелкі температура полка тіреуден алыс орналасқандай алынуы тиіс.

3 классты көлденең қималар үшін (11.1) Теңдеуі қолданылуы тиіс. Бірақ,  $M_{f,\theta,Rd}$ , біркелкі температура  $\theta$  кезіндегі көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша серпінді салмақ көтеру қабілеттігі ретінде алынуы тиіс.


Төменде есептеудің екі әдісін көрсеткен мысал келтірілген.

6 МЫСАЛ Момент бойынша салмақ көтеру қабілеттігін есептеу

1) Бастапқы деректер

11.1 Суреті  $457 \times 152 \times 67UB$  жасалған болат арқалықтың көлденең қимасындағы температураның таралуын көрсетеді.

Созылымды бұғу моментінің көлемін анықтау қает. Болаттың классы – S275, жіне материал бойынша сенімділік коэффициенті 1.0.



11.1 Сурет – 11.1 мысалына қабылданған температура таралуы

2) Есептеу нәтижелері

Әдіс 1: созылымды бүгілу моментінің салмақ көтеру қабілеттігін анықтау бойынша әдіс

Көлденең қиманы 1 классқа сәйкес келуін тексеруге болады. Көлденең қима келесілерден тұратын бес қабатқа бөлінеді: жоғарғы полка ( $153,8 \text{ мм} \times 15,0 \text{ мм}$  – ге), жоғарғы  $1/4$  қабырғалар, осьтік сызықтардың үстіндегі  $1/4$  қабырғалар (жоғарғы  $1/4$  қабырғалар), осьтіксызықтың астындағы  $1/2$  қабырғалар, және төменгі полкалар. Бүкіл көлденең қиманың қисықтық радиусы қабырғаны жағалай тең таралады деп болжалған, және қабырғаның жуандығы  $9,22 \text{ мм}$ , оны есептеулерде қолдануға болады. Нәтижелер соңында 11.1 Кестесінде жинақталған, ол бойынша көлденең қиманың төменгі бөлігі сохылған деп, ал жоғарғы жоғаы сығылған деп болжалған. Жоғарғы полканың сығудағы салмақ көтеру қабілеттігі, басқа бөліктерді сығудағы жинақталған салмақ көтеру қабілеттігінен жоғары болғандықтан созылымды нейтралды ось жоғарғы полкада орналасқан, және ол бұдан әрі көлденең қиманың созушы әне сығушы салмақ көтеру қабілеттіктері тең болатындай етін екі бөлікке бөлінген, біріншісі сығылған ( $14.876 \text{ мм}$  жуандығы бар) және екіншісі созылған ( $0.124 \text{ мм}$  жуандығы бар).

## 11.1 Кесте – 6 мысалдың есептеу нәтижелері

Облысы	Облыс температура сы (°C)	Есептік мықтылық (Н/мм <sup>2</sup> )	Салмақ көтеру қабілеттігі (кН)	Рычаг иығы (мм)	Момент бойынша салмақ көтеру қабілеттігі (кН · м)
Жоғарғы полка	550	$0,625 \times 275 = 171,9$	393,3 (C)	7,438 (C)	2,925
			3,28 (P)	0,062 (P)	0,002
Жоғ. $1/4$ қабырғалар	600	$0,47 \times 275 = 129,25$	127,5 (P)	53,624 (P)	6,837
Осьтің үстіндегі $1/4$ қабырға	700	$0,23 \times 275 = 63,25$	62,40 (P)	160,624 (P)	10,023
Осьтің астындағы $1/2$ қабырға	750	$0,17 \times 275 = 46,75$	92,24 (P)	321,124 (P)	29,620
Төменгі полка	750	46,75	107,85 (P)	435,624 (P)	46,982
Барлығы	—	—	$C = T = 393,3$	—	96,389

Көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігі–  
 $M_{pl,t,Rd} = 96,389 \text{ кН} \cdot \text{м}$

Әдіс 2: (11.1) Теңдеуі

Көлденең қиманың созылымдық модулі –  $1453 \text{ см}^3$ . Көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігі:

$$M_{pl,t,RD} = (0,17 \times 0,275 \times 1453)/0,7 = 97,04 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Осы көлденең қима үшін және температураның ерекше таралуы үшін бұл екі әдістің нәтижелері бірдей болды. Жалпы, осы баламалы әдіс ((11.1) Теңдеуі), ең дұрыс нәтижені береді деп есептеледі. Көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігін анықтаудың қиын әдісі – температураның біркелкі емес аусымдары бар көлденең қимамен байланысу – мысалы, карниздің бұрыштық арқалықтары немес жабынның жіңішке арқалықтары.

Кейбір жағдайларда арқалықты есептеудің мақсаты белген жүктемеде арқалық қаншалық температураға шыдай алатындығын анықтау болып табылады. Егер бүгілу – айналуға тұрақтылық жоғалтудың еш қауіптігі жоқ болса (өрт кезіндегі шекті жағдайда үнемі шындық болады), және арқалықтың есебін көлденең қиманың бүгілу моменті бойынша салмақ көтеру қабілеттігін ескере отырып жүргізілсе, онда 1993-1-2 ҚР ҚН EN – ң 4.2.4 Тарағындағы критикалық температура әдісін қолдануға болады. Критикалық температура – арқалықтың шыдайтын максималды температурасы. Критикалық температура әдісінде арқалықтың критикалық температурасы арқалықты қолдану коэффициентімен ( $\mu_0$ ) байланыстырылады. Бұл коэффициент өрт кезіндегі шекті жағдайда арқалыққа жүктелген максималды бүгілу моменттінің қалыпты температурада арқалықтың бұғу моментіндегі салмақ көтеру қабілеттігіне деген қатынасы болып табылады. Температурасы біркелкі емес таралған көлденең қима үшін қолдану

коэффициенті  $k_1 (= 0,7)$  коэффициентіне көбейту арқылы өзгертілуі тиіс. Критикалық температура әдісі мен қолдану коэффициенті арасындағы байланыс:

$$\theta_{a,cr} = 39,19 \cdot \ln \left( \frac{1}{0,9674 \cdot \mu_0^{3,833}} - 1 \right) + 482 \quad (11.2)$$

Келесі мысал критикалық температура әдісінің қолданылу аясын көрсетеді.

#### 7 МЫСАЛ Критикалық температура әдісі

##### 1) Бастапқы деректер

Көлденең қиманың критикалық температурасын есептеу 6 Мысалында көрсетілген. Өрт кезіндегі жекті жағдайда арқалыққа жүктелген максималды бұғу моменті, жоғарыдағы 11.1 мысалдағы 2 әдісті қолдана отырып есептелген бұғу моменті бойынша созылымды салмақ көтеру қабілеттігіне тең деп алайық.

##### 2) Есептеу үрдісі:

Қолдану коэффициенттерін есептеудің нәтижелері:

$$\mu_0 = 0,7 \times 97,04 / (0,275 \times 1453) = 0,17$$

(11.2) формуласы бойынша  $\theta_{a,cr} = 749,4^\circ\text{C}$  екендігін анықтаймыз. Бұл критикалық температура 6 Мысалында қолданылған  $750^\circ\text{C}$  максималды температураға барабар. Бұл таңқаларлықтай емес, себебі қолдану коэффициентінің критикалық температураға қатынасы ((11.2) Тендеуі), 8.1 Кестесінде есептелген, болат аққаштығының тиімді шегінің температураға деген қатынасының қисықтарын таңдап алу нәтиесі болып табылады.

### 11.2.3 Жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігі

Өрт кезіндегі болат көлденең қиманы жылжытудағы салмақ көтеру қабілеттігін есептеу қалыпты температурадағыдай жүргізіледі, яғни көлденең қиманы жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігі – қабырғаны жылжытудағы салмақ көтеру қабілеттігі. 4.2.3.3 (6) Тармағында қабырғаның анықтамалық температурасы қабырғаның орташа температурасы ретінде анықталады. Бұл – жуық шама, себебі нақты айтқанда, жуық шамалау үрдісі қабырғаның температурасына емес болат қабырғаның мықтылығын есептеуде қолданылуы тиіс. Бірақ, болат қабырғаның есептік мықтылығын жуық шамалау қиынырақ болушы еді. Келесі мысалды жуық шамалаудың екі әдісінің айырмашылығын көрсетеді.

#### 8 МЫСАЛ Жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігін есептеу

##### 1) Бастапқы деректер

6 Мысалындағы көлденең қиманы жылжытудағы салмақ көтеру қабілеттігін есептеу.

##### 2) Есептеу нәтижелері

1 Қабырғаның орташа температурасын қолданамыз

Қабырғаның орташа температурасы:

$$\frac{1}{2} \cdot \left( \frac{(550 + 750)}{2} + 750 \right) = 700^\circ\text{C}$$

8.1 Кестесінде сәйкес болаттың аққаштық шегіне  $k_{y,\theta,web} = 0,23$  арналған төмендетуші коэффициентті анықтау.

2 Болат қабырғаның орташа есептік қаттылығын қолдана отырып  
6 мысалындағыда қабырға үш бөлікке бөлінеді деп болжайық. Болат қабырғаның аққыштық шегіне арналған орташа төмендетуші коэффициент:

$$k_{y,\theta,web} = \frac{1}{2} \times [(0,47 + 0,23)/2 + 0,17] = 0,26$$

Қабырғаның орташа температурасын есептеу көлемді жұмыс болуы мүмкін, себебі қабырғаның бүкіл бөлігінде температураның таралуын білу қат. Жылжудағы салмақ көтеру қабілеттігі әдетте жобада анықтаушы фактор болып табылмайды, сондықтан қабырғаның температурасы – ыстық полкадағыдай деп болжаған қауіпсіз болады.

#### **11.2.4 Бүгілу – айналдыруда тұрақтылықты жоғалту**

##### **11.2.4.1 Жалпы ережелер**

Бүгілу – айналдырудағы тұрақтылықты жоғалту, өрт кезіндегі шекті жағдайда болат арқалықтарды жобалау үшін сирек жағдайларда ғана кедергі тудырады.

1993-1-2 ҚР ҚН EN – нен алынған есептеу әдістерін қысқаша сипаттап өтейік.

##### **11.2.4.2 Көлденең қимада температурасы біркелкі таралған болат арқалық**

Көлденең қимасында температура біркелкі таралған арқалық үшін өрт кезіндегі шекті жағдайдағы арқалықтың бүгілу – айналдырудағы тұрақтылығын жоғалтудың салмақ көтеру қабілеттігін есептеуді, 1993-1-1 ҚР ҚН EN – дегідей қалыпты температура кезіндегі әдіс бойынша жүргізу қажет. Бірақ екі өзгеріс бар: (1) арқалықтың иілгіштігі өзгертілген болуы тиіс, бұл жоғарғы температуралардағы болаттың серпімділік модулі мен аққыштық шегіне арналған төмендетуші коэффициенттердегі айырмашылықтарды ескеруге қажет; (2) өрт кезіндегі шекті жағдайда бүгілу – айналдыруда тұрақтылықты жоғалтуға арналған мықтылықты төмендету коэффициентін (8.3) теңдеу бойынша есептеген дұрыс. Екі өзгерісте болат колонналарға арналған сондай өзгерістермен барабар, және олар 8.3 Тармағында сипатталған.

##### **11.2.4.3 Көлденең қимасында температура біркелкі емес таралған болат арқалық**

Болат арқалықтың көлденең қимасында температураның таралуы біркелкі болмағанда бүгілу – айналдырудағы тұрақтылықты жоғалту бойынша салмақ көтеру қабілеттігіне арналған есептеу әдісі біркелкі таралған температурасы бар болаттағыдай болады, бірақ сығылған полканың максималды температурасы  $\theta_{a,com}$  арқалықтың анықтамалық біркелкі температурасы ретінде қолданылуы тиіс. Егер барлық көлденең қимадағы сығылған полкада – ең жоғарғы температура бар деп қабылдаса консервативті болады. Бұл әдіс, егер сығылған полкада – ең төменгі температурасы болса, мүмкін қауіпсіз емес болуы мүмкін.

### **11.2.5 Деформацияны ескеру**

Өртке қарсы қауіпсіздікті есептеудің негізгі мақсаты өрттің таралуының алдын алуда тұрады. Салмақ көтеруші элемент үшін есептің негізгі критерийі –конструктивті бұзылуды болдырмау, сондықтан элементтің есептік мықтылығы – ең негізгі көрсеткіш болып табылады. Бірақ, кейбір арқалықтар үшін деформацияны да ескеру қажет болатын шығар. Мысалы, келесі ауытқушылықтарды ескеру маңызды болады:

1) Ақалықтың үлкен ауытқулар оттан қорғаушы материалды үлкен шиеленістерге әкеледі, соның нәтижесінде оттан қоғаушы материал нәзік болып, болат арқалықтан айырылуы мүмкін.

2) Арқалықтың үлкен деформациясы арқалықтың астындағы аралас элементтерде ойықтардың пайда болуына әкеледі, нәтижесінде өрткенбейтін секция конструкциясының бүтіндігінде бұзушылық пайда болады.

Жоғарыда аталған екі жағдайлар үшін арқалықтың деформация шегі бір бірінен өзгеше болуы мүмкін. Егер есеп оттан қорғаушы материалды орындауға байланысты болса, онда деформация шегі оттан қорғаушы материалды тиімді емес еткен болаттың максималды кернеуіне сәйкес болуы тиіс. Жалпы алғанда, әдетте қолданылатын оттан қорғаушы материалдар болаттың толық мықтылығы қамтамасыз етілетіндей етіп үлкен деформацияларды қабылдай алады. Бірақ, оттан қоғаушы материал үлкен деформацияларды қабылдай алмаса, болаттың есептік мықтылығы оттан қоғаушы материал деформациясының максималды дәрежесіне дейін сәйкес азайтылуы тиіс.

Екінші жағдай үшін, секцияның бүтінділігін бұзбай болат арқалық деформацияланатын кезде ол қажетті жағдай бойынша ешқашан қарастырылмайды. Өрттің конструктивті жасампаздығындағы соңғы кез жаңалықтарында конструкцияның деформациясы өте үлкен мәндерге жақындатылады, бірақ ол жағдайда ол конструкцияның бұзылуына әкелмейді, конструкцияның мықтылығына ғана негізделген есеп өртке қарсы қауіпсіздікке сай келмеуі мүмкін және конструкция деформациясын нақты тексеру қажет болатын шығар. Ол үшін есептеудің алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану қажет, себебі әр түрлі ҚР ҚН EN – дегі жеңілдетілген есептеу әдістері осы мәселені шеше алмайды.

### **11.3 Үш жағынан өрттің әсері астындағы және төртінші жағында бетон плитасы бар болат арқалық**

Үш жағынан өрттің әсері асындағы және төртінші жағында бетон плитасы бар болат арқалықты болат арқалық ретінде немесе болаттемірбетон арқалық ретінде жобалауға болады. 11.2 Тармағындаболат арқалықтарға арналған есептеу көрсетілген.



## 12 КОНСТРУКЦИЯНЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

### 12.1 Жалпы ережелер

Әр түрлі болат конструкциялардың отқа төзімділігін зерттеу үшін көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді, мұнда болат элементтердің сәйкес өртке қарсы қорғанысы, қосымша өртке қарсы қорғаныс талап етілмейтін етіп қолда бар конструктивті элементтермен қамтамасыз етілген. Конструкцияның көптеген сондай элементтері 1994-1-2 ҚР ҚН EN – де бар, мысалы, темірбетонмен толтырылған әмбебап арқалықтар мен колонналар, темірбетон контруктивті көтеруші жүйенің бөлігі ретінде қолданылатын құбырлық колонналар, сол сияқты болаттың өртке қарсы қорғанысын қамтамасыз ету үшін.

### 12.2 Жабынның жұқа арқалықтары

Жабынның жұқа арқалықтары енді болат плитаны әмбебап колоннаның төменгі полкасына пісіру арқылы жасалады Темірбетон/болаттемірбетон плита қосымша бет арқалы ұсталып тұрады. 12.1 (a) Суреті сондай конструкцияның мысалын келтіреді. Ассиметриялық арқалық жабын арқалықтың осындай жүйесіне ұқсас, айырмашылығы қосымша пісіруді қажет етпейді (12.1 (b) Суреті). Екі жүйеде де темірбетон болат арқалықтың жоғарғы полкасын және оның қабырғасын қоршайды, және тек төменгі полка ғана өрттің әсерінде болады. Сонымен, болат арқалықта елеулі қалдық кернеу бар. Отқа төзімділіктің стандартты тестілерінің нәтижелері, конструкцияның осы түрі өртке қарсы қорғаныссыз 60 минут отқа төзімділікке жете алады деп көрсетеді.

### 12.3 Тіреу бұрыштары бар арқалықтар


Тіреу бұрыштары бар арқалықтар, екі болат бұрыш профилдерді арқалық қабырғасының екі ағына пісіру арқылы өндіреді. Осы бұрыш профильдердің функциясы бетондалған еденнің плитасын тіреу болып табылады. 12.2 Суретінде осындай конструкцияның мысалы келтірілген. Өрт болған жағдайда төменгі полка мен қабырғаның төменгі бөлігі ғана өрттің әсерінде болады. Жоғарғы полка мен қабырғаның жоғарғы бөлігіндегі қабырға бетондалған еден плитплпрымен қорғалған. Болат бұрыштар да жүйенің отқа төзімділігіне болыса алады. Отқа төзімділіктің стандартты сынақтарының нәтижелері, конструкцияның осы түрі өртке қарсы қорғаныссыз кем дегенде 30 минут стандартты отқа төзімділікке жете алады деп болжаған.

Конструкцияның осы түрі үшін отқа төзімділікті стандартты есептеу болат профилді созылымды есептеуге негізделген және бетон плиталардың көмегі есептелмеген.


а)



б)



### 12.1 – (а) Жабынның жұқа аркалығы және (б) асимметриялы аркалық



